ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

# Sara Combilizer

04.KC.01_7KK • 11/2019

arjo
with people in mind

## ЕСКЕРТУ

**Жарақат алмас үшін, жабдықты пайдаланбас бұрын осы *Пайдалану нұсқаулығы* мен ілеспе құжаттарды әрқашан оқып шығыңыз.**

***Пайдалану нұсқауларын* оқып шығу міндетті.**

Дизайн саясаты және авторлық құқық
® және ™ – Arjo компаниялар тобына тиесілі сауда белгілері.
© Arjo 2019.

Саясатымыз үздіксіз жақсартылып отыратындықтан, дизайндарды алдын ала хабарлаусыз өзгерту құқығын сақтап қаламыз.Arjo компаниясының келісімінсіз бұл жарияланымның контентін толығымен немесе оның бөлімдерін көшіруге болмайды.

# Мазмұны


Алғысөз ....4
Мақсатты пайдалану ....5
Қауіпсіздік нұсқаулары ....6
Дайындау ....7
Бөлшектерді белгілеу ....8
Өнім сипаттамасы/Функциялар ....10
Sara Combilizer бағыттары ....10
Sara Combilizer күйлері ....11
Дөңгелек тежеуіштері ....12
Шынтақ таянышы ....12
Аяқ тіреуі ....14
Иық тіреуіші ....16
Матрас ....17
Матрас және жастық жабындары ....20
Шынтақ таянышы жастықшаларының жабыны мен пенопласты ....20
Еңкейту бұрышы индикаторы ....21
Сұйықтық қалтасын бекіту ілмектері ....21
Бүйірлік тасымалдау тұтқалары ....21
Батарея ....21
Басқару функциялары ....22
Басқару элементтері ....22
Режимдер ....22
Режим түсі ....23
Режимді өзгерту ....23
Басқару панеліндегі режим көрсеткіші ....23
Түйме функциялары ....24
Қауіпсіздік белдіктері ....25
Төтенше жағдай және қауіпсіздік функциялары ....29
Қысып қалудан қорғау тақтасы ....29
Төтенше жағдайда тоқтату ....29
Төтенше жағдай функция блогы ....29
Жұмысы ....32
Емделушіні кереуеттен Sara Combilizer құрылғысына өткізу ....32
Емделушіні Sara Combilizer құрылғысынан кереуетке өткізу ....36
Емделушіні отыру күйінен тұру күйіне өткізу ....39
Емделушіні тұру күйінен отыру күйіне өткізу ....41
Күйін өзгерту ....43
Тасымалдау ....46
Тазалау және зарарсыздандыру нұсқаулары ....47
Батарея нұсқаулары ....54
Күтім жасау және профилактикалық техникалық қызмет көрсету .. 55
Күтім жасаушы міндеттері ....56
Тек білікті маман тарапынан жыл сайынғы тексерістер ....59
Ақауларды жою және дабылдар ....60
Техникалық сипаттамалары ....62
Өлшемдері ....66
Жапсырмалар ....68
Стандарттар мен сертификаттар тізімі ....71
Электромагниттік үйлесімділік (ЭҮ) ....72
Бөлшектер мен аксессуарлар ....74

# Алғысөз

**Arjo жабдығын сатып алғаныңызға рақмет.**

Arjo өнімдерінің жұмысы немесе оларға техникалық қызмет көрсету туралы қандай да бір сұрақтарыңыз болса, бізге хабарласыңыз.

**Sara Combilizer® құрылғысын пайдаланудан бұрын, осы *Пайдалану нұсқауларын (ПН)* оқып, толықтай түсініп алыңыз.**

Осы *Пайдалану нұсқауларындағы* ақпарат жабдықты басқару және оған техникалық қызмет көрсету үшін қажет. Ол өнімді қорғауға көмектесіп, жабдықтың қажеттіліктеріңізге сай қызмет етуін қамтамасыз етеді. *Пайдалану нұсқауларындағы* ақпарат емделуші мен күтім жасаушының қауіпсіздігі үшін маңызды, сондықтан ықтимал жарақаттың алдын алу үшін оларды оқып шығу керек.

Arjo жабдығына рұқсатсыз өзгерістер енгізу қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін. Arjo компаниясы оның өнімдеріне қандай да бір рұқсатсыз жасалған өзгертулердің нәтижесінен болған қандай да бір жағдайлар, оқиғалар немесе өнімділіктің жеткілікті болмауы үшін жауапты болмайды.

## Қызмет және қолдау

Жабдық қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін, білікті маман тарапынан *Sara Combilizer* құрылғысына жыл сайын жоспарлы қызмет көрсету жұмыстары орындалуы керек. *55-беттегі Күтім жасау және профилактикалық техникалық қызмет көрсету* бөлімін қараңыз.

Қосымша ақпарат қажет болса, өнімнің ұзақ мерзімдік қауіпсіздігін, сенімділігін және құндылығын барынша арттыру үшін, жан-жақты қолдау және қызмет көрсету үшін Arjo компаниясына хабарласыңыз. Ауыстырылатын бөлшектер үшін жергілікті Arjo өкіліне хабарласыңыз. Телефон нөмірлері осы *Пайдалану нұсқауларының* соңғы бетінде көрсетілген.

Осы медициналық құрылғыға қатысты қауіпті апаттық жағдай орын алып, пайдаланушы немесе емделушіге әсер ететін болса, пайдаланушы немесе емделуші қауіпті апаттық жағдай туралы өндірушіге немесе дистрибуторға хабарлауы керек. Сонымен қатар Еуропалық Одақтағы пайдаланушы өзі орналасқан мүше мемлекеттегі өкілетті ұйымға қауіпті апаттық жағдай туралы хабарлауы керек.

## Осы *Пайдалану нұсқауларындағы* анықтамалар

**ЕСКЕРТУ**

Мағынасы:
Қауіпсіздік ескертуі. Бұл ескертуді түсінбеу және оны орындамау сіздің не басқалардың жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Мағынасы:
Бұл нұсқауларды орындамау толық жүйеге не жабдыққа немесе оның бөлшектеріне зақым келтіруі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Мағынасы:
Бұл осы жүйе немесе жабдықты дұрыс пайдалану үшін маңызды ақпарат болып табылады.

Мағынасы:
Өндірушінің аты мен мекенжайы.

# Мақсатты пайдалану

**Бұл жабдық тағайындалған пайдалану мақсатына және осы *Пайдалану нұсқауларындағы (ПН)* қауіпсіздік нұсқауларына сәйкес қолданылуы керек. Бұл жабдықты пайдаланатын әрбір пайдаланушы осы *Пайдалану нұсқауларындағы* нұсқауларды оқуы және түсінуі керек.**

**Түсініксіз жайттар болса, Arjo өкіліне хабарласыңыз.**

## *Sara Combilizer* пайдалану мақсаты

*Sara Combilizer* емделушіні ерте мобилизациялауды, реабилитациялауды және оған күтім жасауды жеңілдетуге арналған. Бұл жоспарланған әрекеттерге қатысты тиісті клиникалық бағалаудан өткен барлық деңгейдегі әрекеттенуі шектелген адамдар үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл әлсіз, пассивті және амбулаторлық емделу тәртібінен тыс емделушілерді қамтуы мүмкін.

Пайдалану үшін арнайы орталар: қарқынды емдеу бөлімдері және жедел жәрдем бөлімдері мен реабилитация палаталары бар ауруханалар.

*Sara Combilizer* құрылғысы емделушіні жату күйінен тұру күйіне және жату күйінен отыру күйіне ауыстыру үшін пайдаланылады. Тұру, отыру және жату күйлерінде *Sara Combilizer* құрылғысы әртүрлі реабилитациялық жаттығулар үшін және қалыпты аралықтарда *Sara Combilizer* бүйірлерін еңкейту арқылы емделушінің қозғалу мүмкіндіктерін қалпына келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін.

*Sara Combilizer* терапиялық пайдалануға байланысты қысқа аралықтарға тасымалдау үшін пайдаланылады.

*Sara Combilizer* құрылғысы емделуші жатқанда ұзақ қашықтықтағы бір бөлімнен екінші бөлімге тасымалдауға арналмаған.

*Sara Combilizer* көрсетілгендей және *Пайдалану нұсқауларына* (*ПН*) сәйкес белдіктермен, сырғытпалы тақталармен және көтергіштермен ғана пайдаланылады.

*Sara Combilizer* тиісті медициналық білімі бар тиісті түрде жаттықтырылған күтім жасаушылар тарапынан пайдаланылуы керек. Күтім жасаушылар жалпы медициналық практикалар мен процедуралар туралы білімге ие болуы және *Sara Combilizer* құрылғысын пайдалану нұсқауларында көрсетілген нұсқауларға сәйкес пайдалануы керек. Басқа мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

## Емделушінің жағдайын бағалау

Мекемелердің қалыпты бағалау бағдарламаларын орнатуы ұсынылған. Күтім жасаушылар пайдаланудан бұрын келесі критерийлерге сәйкес әрбір емделушіні бағалауы тиіс:

- *Sara Combilizer* құрылғысы тиісті медициналық біліктілігі бар маман тарапынан клиникалық бағалаудан өткен емделушілер үшін ғана пайдаланылуы керек.
- *Sara Combilizer* емделушінің реабилитациялық әрекеттерін жеңілдетуге және әлсіз, пассивті және амбулаторлық емес емделушілерді қоса, тұра алатын және/немесе отыра алатын емделушілерге арналған.
- Емделушінің салмағы 200 кг-нан (440 фунттан) аспауы тиіс.
- Емделушінің бойы 140 см (4 фут 7 дюйм) – 196 см (6 фут 5 дюйм) аралығында болуы керек.

Емделуші жоғарыдағы шарттарға сәйкес келмесе, балама жабдық немесе жүйені пайдалану керек.

## Қарсы көрсетілімдер

*Sara Combilizer* құрылғысы емделуші тиісті медициналық біліктілігі бар маман тарапынан клиникалық бағалаудан өтпеген жағдайда пайдаланылмауы керек.

## Қызмет көрсету талаптары мен болжамды жарамдылық мерзімі

Басқаша көрсетілмесе, осы *Пайдалану нұсқауларындағы Күтім жасау және профилактикалық техникалық қызмет көрсету* нұсқауларына сәйкес алдын алу техникалық қызмет көрсету орындалған жағдайда, бұл жабдықтың жарамдылық мерзімі он (10) жыл болып табылады.

**ЕСКЕРТУ**

**Жарақаттың алдын алу үшін, емделушінің қараусыз қалуына жол бермеңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Көшіру кезінде құлап кетпеуі үшін, жабдықтағы барлық тежеуіштер қолданылғанын тексеріңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Құлап кетуіне жол бермеу үшін, емделуші дұрыс орналасқанына және қауіпсіздік белдіктері пайдаланылатынына, дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Құлап кетуді болдырмау үшін, пайдаланушының салмағы пайдаланылатын барлық өнімдер немесе аксессуарлардың қауіпсіз жұмыс жүктемесінен төмен екеніне көз жеткізіңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Пайдаланылатын құрылғының аударылмауы үшін, оған жақын басқа жабдықты көтермеңіз немесе түсірмеңіз және төмендету кезінде қозғалмайтын нысандардан хабардар болыңыз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Емделушілердің немесе күтім жасаушылардың аяқтары қысылып қалмауы үшін, оларды барлық кедергілерден алшақ ұстаңыз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Қысылып қалуды болдырмау үшін, емделушілердің шашын, қолдарын және аяқтарын денеге жақын ұстаңыз және жылжыту кезінде ұстағыш тіректерді пайдаланыңыз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Құрылғының аударылуын және емделушінің құлауын болдырмау үшін жабдықты ойық дренаждары, тесіктері бар немесе 1:50 (1,15°) мәнінен асатын еңістері бар едендерде пайдаланбаңыз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Жарылыстың немесе өрттің алдын алу үшін, жабдықты оттекке бай, жылу көзі немесе анестетикалық жанғыш газдар бар орталарда пайдаланбаңыз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Құрылғының аударылып, емделушінің құлауын болдырмау үшін, құрылғының бас немесе аяқ жағына ОТЫРМАҢЫЗ.**

**ЕСКЕРТУ**

**Емделушіге сыртқы ауа және тамызылатын ерітінді жетіспеушілігін болдырмау үшін, түтіктерде кедергілер жоқтығын және тұрақты бақыланатындығын тексеріңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Жарақат алу қаупін болдырмау үшін, емделуші жатқызылған Sara Combilizer құрылғысының бас жағын -15° бұрыштан артық еңкейтпеңіз.**

**Еңкейту деңгейін *Sara Combilizer* бас бөлімінің астындағы еңкейту бұрышы индикаторында есептеуге болады.**



# Дайындау

## Алғаш пайдалануға дейінгі әрекеттер (16 қадам)

1. Қорапты және шасси мен аяқ тірегінің айналасындағы белдіктерді алыңыз.
2. Қорапты жергілікті ережелерге сәйкес утилизациялау керек. *62-беттегі Техникалық сипаттамалары* бөлімін қараңыз.
3. Барлық картон қораптарын шешіп алыңыз.
4. Шағын қораптан *Пайдалану нұсқауларын* шығарып алып, оқып шығыңыз.
5. *Sara Combilizer* құрылғысында тасымалдау зақымы бар-жоғын көзбен тексеріңіз.
6. Өнімнің барлық бөлшектері жеткізілгенін тексеріңіз. *8-беттегі Бөлшектерді белгілеу* бөлімін қараңыз. Кез келген бөлігі жоқ немесе зақымдалған болса, өнімді пайдаланбаңыз.
7. Жастықты бекітіп, *19-беттегі Жастық* бөлімін қараңыз.
8. Тасымалдау тұтқасындағы басқару пультінің кабелінің қосылым нүктесіне енгізілген қорғаныс бітеуішін алып, қауіпсіз орынға қойыңыз. Қорғаныс бітеуіші тазалау және зарарсыздандыру кезінде қажет.
9. Басқару пультін тасымалдау тұтқасындағы басқару пультінің кабелінің қосылым нүктесіне жалғаңыз. *22-беттегі Басқару функциялары* бөлімін қараңыз.
10. Батарея зарядтағышын қораптан шығарыңыз. Зарядтау және зарядтағышты орнату нұсқауларын *NEA 8000 батарея зарядтағышының пайдалану нұсқауларынан* қараңыз.
11. Батареяны 24 сағат зарядтаңыз.
12. Зарядталған батареяны шассиге салып, функционалдық сынақты орындаңыз, *58-беттегі Функционалдық сынақты орындау* бөлімін қараңыз.
13. Қосымша мата жапқыштарды, қауіпсіздік белдіктерін, бекіту белдіктерін, батареяны және қорғаныс бітеуішін құрғақ және қауіпсіз орында сақтаңыз.
14. Өнімді *51-беттегі Қалыпты тазалау/зарарсыздандыру* бойынша тазалап, зарарсыздандырыңыз.
15. *Пайдалану нұсқауларын* қауіпсіз және әрқашан қолжетімді жерде сақтаңыз.
16. Төтенше жағдайында емделушіні құтқару жоспарын дайындаңыз.

## Пайдаланудан алдыңғы әрекеттер (5 қадам)

1. *Sara Combilizer* барлық бөлшектері орнында екенін тексеріңіз. Осы *Пайдалану нұсқауларындағы Бөлшектерді белгілеу* бөлімімен салыстырыңыз.
2. **ЕСКЕРТУ**

   **Емделушінің құлап кетуін болдырмау үшін, қауіпсіздік белдіктері зақымдалмағанын тексеріңіз. Зақымдалған болса, қауіпсіздік белдіктерін ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ, пайдаланудан бұрын жаңасымен ауыстырыңыз.**

   Қауіпсіздік белдіктерін тексеріңіз. *55-беттегі Күтім жасау және профилактикалық техникалық қызмет көрсету* бөлімін қараңыз.
3. Белгілі бір бөлшегі жоқ немесе зақымдалған болса, өнімді ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ!
4. Батарея толық зарядталғанын тексеріңіз. *NEA 8000 батарея зарядтағышы пайдалану нұсқауларын* қараңыз.
5. **ЕСКЕРТУ**

   **Өзара ластануды болдырмау үшін, осы *Пайдалану нұсқауларындағы* зарарсыздандыру нұсқауларын орындаңыз.**

   Өнімді әрбір емделуші арасында тазалап, зарарсыздандырып отырыңыз. *47-беттегі Тазалау және зарарсыздандыру нұсқаулары* бөлімін қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ
Егер сұрақтарыңыз болса, қолдау және қызмет көрсету үшін, жергілікті Arjo өкіліне хабарласыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

**0°C (32°F) температурадан төмен ортада сақтаудан кейін *Sara Combilizer* құрылғысын дереу пайдаланбаңыз, себебі салқын күйінде пайдаланылса, оған зақым келуі мүмкін. Пайдаланудан бұрын, *Sara Combilizer* құрылғысын бөлме температурасына қойып, жылытып алыңыз.**

# Бөлшектерді белгілеу

## Алдыңғы көрінісі




1. Бас қауіпсіздік белдігі*
2. Иық қауіпсіздік белдіктері*
3. Төс қауіпсіздік белдігі*
4. Шынтақ таянышы* (x2)
5. Бел қауіпсіздік белдігі*
6. Тізе қауіпсіздік белдігі*
7. Серіппелі құлып (аяқ тіреу ұзындығын реттеуге арналған)
8. Сырғытпа (аяқ тіреуіші ұзындығын реттеуге арналған)
9. Аяқ тіреуіші*
10. Дөңгелек (x4)
11. Дөңгелек тежеуіші (әр дөңгелекте бір дана)
12. Төтенше жағдай функция қорабы
13. Шасси және көтеру механизмі
14. Өзгерту режимі механизмі
15. Орындық тақтасы
16. Дене матрасы*
17. Бекіту белдігі* (x8)
18. Иық тіреуіші* (x2)
19. Бас матрасы*
20. Жастық*

* = *алынбалы бөлшек*

Берілген қосымша элементтер:

- бір бас жастығының қабы
- бір бас матрасының қабы
- бір дене матрасының қабы
- екі шынтақ таянышы қабы
- бір жамбас, бір бел және бір тізе қауіпсіздік белдігі (қабын, толтырмасын, бекіту белдіктерін қоса)

## Артқы көрінісі




1. Тасымалдау тұтқасы
2. Басқару пультінің кабелінің қосылым нүктесі
3. Қорғаныс бітеуіші* (басқару пультінің қосылым нүктесіне арналған)
4. Еңкейту бұрышы индикаторы
5. Арқа сүйеу тақтасы
6. Қысып қалудан қорғау тақтасы
7. Батарея*
8. Төтенше жағдайда тоқтату түймесі (x2)
9. Еңкейетін үстелді босату түймесі
10. Аяқ тіреу тақтасы
11. Бүйірлік тасымалдау тақтасы (x2)
12. Тіркеу ұяшығы (x4) (сұйықтыққа арналған қалталар үшін)
13. Серіппелі құлып (x2) (шынтақ таянышының биіктілігі үшін)
14. Серіппелі құлып (x2) (иық тіреуішінің еніне арналған)
15. Серіппелі құлып (x2) (иық тіреуішін босатуға арналған)
16. Кабелі бар басқару пульті*
17. Басқару панелі

* = *алынбалы бөлшек*

Толық өнім
Жұмыс бөлігі: B түрі IEC 60601-1 стандартына сәйкес электр тогының соғуынан қорғау.

Берілген қосымша элементтер:
- Батарея зарядтағышы бар бір қосымша батарея

# Өнім сипаттамасы/Функциялар

Бұл бөлімде *Sara Combilizer* бөлшектері, оның функциялары сипатталған және жабдықты қауіпсіз пайдалану туралы ақпаратты береді. Бөлшектер *8-беттегі Бөлшектерді белгілеу және 9 бөлімдерінде* көрсетілген.

Басқару функциялары туралы ақпаратты *22-беттегі Басқару функциялары* бөлімінен қараңыз.
Қауіпсіздік белдіктері туралы ақпаратты *25-беттегі Қауіпсіздік белдіктері* бөлімінен қараңыз.

## *Sara Combilizer* бағыттары

**1-сурет**

### Сол және оң жақ

*Sara Combilizer* құрылғысының сол және оң жағы бар. **(1-суретті қараңыз)**

**2-сурет**




### Емделуші орналасуы

*Sara Combilizer* пайдалану кезінде емделушінің басын бас жағына, ал аяғын аяқ жағына қаратып жатқызыңыз. Емделушінің белі арқа сүйеу тақтасы мен отыру тақтасы арасында орналасуы керек. **(2-суретті қараңыз)**

**3-сурет**



### Тасымалдау бағыты

Тасымалдау кезінде күтім жасаушылар *Sara Combilizer* құрылғысының артында болуы керек. **(3-суретті қараңыз)**

## *Sara Combilizer* күйлері

*Sara Combilizer* құрылғысын пайдалану кезінде төмендегідей әртүрлі күйлерге орнатылуы мүмкін:

4-сурет



### Сырғытқы күйі

Бұл күй емделушіні кереуетке өткізу және одан алу кезінде пайдаланылады. **(4-суретті қараңыз)**

Еңкейетін үстел күйіне өзгертуден бұрын, S*ara Combilizer* құрылғысы көлденең және ең төмен күйінде болуы керек.

5-сурет



### Еңкейетін үстел күйі

Бұл күй емделушіні тұру күйіне өткізу үшін пайдаланылады. Бұрыш 0° және 75° аралығында реттелуі мүмкін. Еңкейетін үстел 0° бұрышта көлденең күйде болады. **(5-суретті қараңыз)**

Сырғытқы күйіне өзгертуден бұрын, *Sara Combilizer* құрылғысы көлденең және ең төмен күйінде болуы керек.

6-сурет

### Орындық күйі

Бұл күй емделушіні отыру күйіне ауыстырады. Орындықты көлденең отыру күйіне артқа және алға еңкейтуге болады. **(6-суретті қараңыз)**

Орынды үнемдеу үшін, *Sara Combilizer* құрылғысын орындық күйінде сақтаңыз.

7-сурет



### Еңіс күйі (солға/оңға)

*Sara Combilizer* бүйіріне еңкейту келесі күйлерде орындалуы мүмкін: сырғытқы, орындық және еңкейетін үстел. **(7-суретті қараңыз)**

8-сурет



### Тренделенбург күйі

Көлденең сырғытқы күйінде өнімді Тренделенбург күйіне (-12° бұрыштан артық) еңкейтуге болады. Бұрышты 0° және -25° аралығында реттеуге болады. Жарақат алу қаупін болдырмау үшін, емделуші жатқызылған Sara Combilizer құрылғысының бас жағын -15° бұрыштан артық еңкейтпеңіз. **(8-суретті қараңыз)**

1-сурет




## Дөңгелек тежеуіштері

Төрт дөңгелектің әрбірінде тежеуіш иінтірегі бар. Дөңгелек тежеуіштері кемінде екі дөңгелекте құлыпталуы керек. Мүмкін болса, барлық төрт дөңгелекті қолдану ұсынылған. **(1-суретті қараңыз)**

**Тежеуішті қолдану:**

Сұр түсті дөңгелек тежеуіші иінтірегін басыңыз.

**Тежеуішті босату:**

Сұр түсті дөңгелек тежеуіші иінтірегін сәл көтеріңіз.

2-сурет




## Шынтақ таянышы

*Sara Combilizer* құрылғысының екі шынтақ таянышы бар. Шынтақ таяныштарының ені мен биіктігін реттеуге және алып тастауға болады.

*Sara Combilizer* күйін өзгерту кезінде, шынтақ таяныштары көлденең күйінде қалады. Сонымен қатар биіктігі мен енін қолмен реттеуге болады.

3-сурет



## Шынтақ таянышын бекіту (3 қадам)

1. Шынтақ таянышын тік күйіне келмейінше 90 градусқа жоғары/артқа айналдырыңыз. **(2-суретті қараңыз)**

2. Шынтақ таянышын балансир бұлғағына **(A)** қарай сырғытыңыз. **(2-суретті қараңыз)**

3. Шынтақ таянышын көлденең күйге түсіріңіз. **(3-суретті қараңыз)**

4-сурет




## Шынтақ таянышы биіктігін реттеу (2 қадам)

Бірнеше биіктік күйлерінің ішінен таңдауға болады.

1. Шынтақ таянышын бір қолмен ұстап тұрып, екінші қолыңызбен серіппелі құлып тұтқасын **(A)** тартып ұстап тұрыңыз. **(4-суретті қараңыз)**

2. Шынтақ таянышын көтеріңіз немесе төмендетіңіз **(B)** және серіппелі құлып тұтқасын босатыңыз. **(4-суретті қараңыз)**

5-сурет




## Шынтақ таянышы енін реттеу (3 қадам)

Бірнеше ен күйлерінің ішінен таңдауға болады.

1. Шынтақ таянышын жоғары/артқа қарай сәл (шамамен 20 градус) еңкейтіңіз **(A)**. **(5-суретті қараңыз)**

2. Бағананы **(B)** ұстап, енін реттеу үшін шынтақ таянышын тартыңыз немесе итеріңіз. **(6-суретті қараңыз)**

3. Шынтақ таянышын көлденең күйге түсіріңіз. **(7-суретті қараңыз)**

6-сурет




7-сурет



8-сурет



## Шынтақ таянышын алу (3 қадам)

1. Шынтақ таянышы ең шеткі күйінде екенін тексеріңіз. *13-беттегі Шынтақ таянышы енін реттеу (3 қадам)* қараңыз.

2. Шынтақ таянышын ұстап тұрып, оны тік күйіне келмейінше 90 градусқа жоғары/артқа айналдырыңыз. **(8-суретті қараңыз)**

3. Шынтақ таянышын тартып шығарып алыңыз.

1-сурет



## Аяқ тіреуі

*Sara Combilizer* құрылғысында аяқ тіреуі бар. Аяқ тіреуішінің ұзындығын реттеуге болады. Оны да алып тастауға болады.

*Sara Combilizer* күйді өзгерту кезінде орындық және аяқ тіреуіші арасындағы қашықтықты автоматты түрде реттейді. Сондай-ақ аяқ тіреуішін қолмен реттеуге болады. Күйді өзгерткеннен кейін қолмен реттеу ұсынылған.

Аяқ тіреуішін орындық күйіне реттеу үшін, *Sara Combilizer* құрылғысын эргономикалық биіктікке көтеріңіз. Салмақты қолдау үшін мықынды пайдалану арқылы реттеуді жеңілдетуге болады. **(1-суретті қараңыз)**

2-сурет



*Sara Combilizer* еңкейетін үстел күйінде болғанда, аяқ тіреуіші ең жоғары күйінде болуы керек. **(2-суретті қараңыз)**

3-сурет




### Аяқ тіреуішінің ұзындығы реттеу (4 қадам)

1. Жоғарғы серіппе құлпын **(A)** тартыңыз. **(3-суретті қараңыз)**
2. Аяқ тіреуішін аяқ тіреуіші тақтасын көтеру немесе түсіру арқылы **(B)**, аяқ тіреуіші тұтқасының көмегімен **(C)** реттеңіз. **(3-суретті қараңыз)**
3. Серіппелі құлыпты босатыңыз.
4. Аяқ тіреуішін жоғары және төмен басу және тарту арқылы бекітіледі.

4-сурет




### Аяқ тіреуішінің қосымша ұзындығы реттеу (4 қадам)

1. Төменгі ысырманы алға тартыңыз **(A)**. Ысырманы босатпаңыз. **(4-суретті қараңыз)**
2. Аяқ тіреуіші тетігінің ұзындығын аяқ тақтасын көтеру немесе түсіру арқылы реттеңіз **(B)**. **(4-суретті қараңыз)**
3. Ысырманы босатыңыз **(A)**. **(4-суретті қараңыз)**
4. Аяқ тіреуішін жоғары және төмен басу және тарту арқылы бекітіледі.

### Аяқ тіреуішін алу (3 қадам)

1. Ысырманы алға тартыңыз **(A)**. Ысырманы босатпаңыз. **(4-суретті қараңыз)**
2. Аяқ тіреуішін алыңыз **(C)**. **(4-суретті қараңыз)**

**ЕСКЕРТУ**

**Пайдалану кезінде жарақатты болдырмау үшін, аяқ тіреуіші тақтасының салмағы ауыр екенін ескеріңіз.**

3. Ысырманы босатыңыз.

5-сурет



### Аяқ тіреуішінің биіктігін реттеуге арналған блоктар (керек-жарақтар)

Ыңғайлырақ күйге қол жеткізу мақсатында биіктікті реттеу үшін, емделуші аяқтарының астына блоктар қойыңыз. **(5-суретті қараңыз)** *74-беттегі Бөлшектер мен аксессуарлар* бөлімін қараңыз.

1-сурет




## Иық тіреуіші

*Sara Combilizer* құрылғысының екі иық тіреуіші бар. Тасымалдау барысында иық тіреуіштерінің енін реттеуге және жинауға немесе алып тастауға болады.

### Иық тіреуішінің енін реттеу (4 қадам)

1. Артқы тіреуіштің артындағы серіппелі құлыпты тартып шығарыңыз **(A)**. **(1-суретті қараңыз)**
2. Иық тіреуішін қажетті еніне қойыңыз **(B)**. **(1-суретті қараңыз)**
3. Серіппелі құлыпты босатыңыз.
4. Иық тіреуішін ішке және сыртқа басу және тарту арқылы бекітілгенін тексеріңіз.

### Иық тіреуішін түсіру

ЕСКЕРТПЕ
Иық тіреуіші жылдам түсірілетінін ескеріңіз.

2-сурет




### Күтім жасаушы тарапы (2 қадам)

1. Серіппелі құлыпты **(A) басыңыз**. **(2-суретті қараңыз)**
2. Иық тіреуіші **(B)** түсіріледі. **(2-суретті қараңыз)**

### Күтім жасаушылардан қарама-қарсы тарапы (2 қадам)

1. Серіппелі құлыпты **(A) тартыңыз**. **(2-суретті қараңыз)**
2. Иық тіреуіші **(C)** түсіріледі. **(2-суретті қараңыз)**

3-сурет



### Иық тіреуішін жоғарыға жинау (2 қадам)

1. Иық тіреуішін орнына құлыпталмайынша көтеріңіз. **(3-суретті қараңыз)**
2. Иық тіреуішін басу және тарту арқылы бекітілгенін тексеріңіз.

1-сурет




## Матрас

Екі матрас, бір бас матрасы **(A)** және бір дене матрасы **(B)** бар. **(1-суретті қараңыз)**

Матрасты бекіту немесе алу кезінде *Sara Combilizer* құрылғысын орындық күйіне қою ұсынылған.

2-сурет




### Матрасты бекіту белдіктері

Бас матрасында ұшында сырғытпалы құлпыбар екі (2) бекіту белдігі, ал дене матрасында сегіз (8) данасы **(A)** бар. **(2-суретті қараңыз)**

3-сурет




### Бекіту нүктелері

**A:** Артқы тіреуіш тақтасы, бас бөлігі (x2)

**B:** Артқы тіреуіш тақтасы, иық бөлігі (x2)

**C:** Артқы тіреуіш тақтасы, төменгі дене бөлігі (x2)

**D:** Орындық тақтасы (x2)

**E:** Аяқ тіреу тақтасы (x2)

**(3-суретті қараңыз)**

4-сурет




### Матрас бекіту белдігін бекіту (3 қадам)

1. Матрас бекіту белдігін ұяшық **(A)** арқылы енгізіңіз. **(4-суретті қараңыз)**
2. Қолданылатын болса, бекіту белдігінің ішкі қысқа ұяшығын пайдаланыңыз.
3. Бекіту белдігін тіркеу **(B)** үшін, оны бұрып, тартыңыз. **(4-суретті қараңыз)**

5-сурет




### Матрас бекіту белдігін алу (2 қадам)

1. Бекіту белдігін ұясына **(A)** итеріп, босатыңыз. **(5-суретті қараңыз)**
2. Бекіту белдігін бұрып, ұяшығынан **(B)** тартып шығарыңыз. **(5-суретті қараңыз)**

6-сурет




7-сурет




### Дене матрасын бекіту (5 қадам)

1. Дене матрасын тіреу бетінің үстіне орналастырыңыз.
2. Сырғымалы құлыптары бар бекіту белдіктерін артқы тірек тақтасында орналасқан төменгі ұяшық **(A)** арқылы енгізіңіз. **(6-суретті қараңыз)**
3. Сырғымалы құлыпты бұрып, артқы тірек тақтасына бекітіңіз.
4. Қалған бекіту белдіктерінде **(B, C, D)** жоғарыдағыларды қайталаңыз. **(6-суретті қараңыз)**
5. Қолданылатын болса, матрасты бекіту үшін ішкі ұяшықты пайдаланыңыз.

### Дене матрасын алу (2 қадам)

1. Дене матрасын бекіту белдіктерін тірек тақталарынан алыңыз. **(6A-D суреттерін қараңыз)**
2. Матрасты алыңыз.

### Бас матрасын бекіту (3 қадам)

1. Бас матрасы жабынының пакеттерін **(7A суретін қараңыз)** артқы тірек тақтасының жоғарғы бұрыштарының үстіне орналастырыңыз.
2. Бас матрасын бекіту белдіктерін артқы тірек тақтасындағы **(7B суретін қараңыз)** ұяшықтар арқылы енгізіңіз.
3. Сырғымалы құлып тоғаларын бұрып, оларды артқы тірек тақтасына бекітіңіз.

### Бас матрасын алу (2 қадам)

1. Бас матрасын бекіту белдіктерін тірек тақталарынан алыңыз. **(7B суретін қараңыз)**
2. Бас матрасын көтеріп, артқы тірек тақтасынан алыңыз.

8-сурет




## Жастық

*Sara Combilizer* бас жастығы емделушінің басын тіреп тұрады. **(8-суретті қараңыз)**

Бас жастығында ұшында тоғалары бар екі белдік бар **(A)**. Сондай-ақ жастықта бас белдігін бекітуге арналған екі сырғымалы құлып бар **(B)**.

9-сурет



## Жастықты бекіту (4 қадам)

1. Жастықты бас матрасына орналастырыңыз. **(9-суретті қараңыз)**
2. Белдіктерді артқы тірек тақтасының айналасына және тасымалдау тұтқасының астына орналастырыңыз. **(10-суретті қараңыз)**
3. Жастықты бекіту үшін, белдіктерді іліңіз.
4. Қатайту үшін белдіктерді реттеңіз.

10-сурет



## Жастықты алу (2 қадам)

1. Жастық белдіктерін шешіңіз. **(10-суретті қараңыз)**
2. Жастықты алыңыз.

1-сурет



2-сурет



## Матрас және жастық жабындары

Бас матрасына, дене матрасына, жастыққа, шынтақ таянышына арналған қаптар мен қауіпсіздік белдігінің қаптарын тазалау және зарарсыздандыру үшін алуға болады.

### Қаптарды алу (2 қадам)

1. Қапты шешіңіз. **(1-суретті қараңыз)**
   - Дене матрасы: үстінде.
   - Бас матрасы: астында.
   - Жастық: артында.
2. Пенапластты қысып, қабын шығарып алыңыз.

### Пенапластты қаптарға салу (3 қадам)

1. Қапты ораңыз немесе сыртқа айналдырыңыз.
2. Пенопластты қысып, қаптың ішіне салыңыз.
3. Сыдырманы жабыңыз.

## Шынтақ таянышы жастықшаларының жабыны мен пенопласты

### Шынтақ таянышынан қабын алу (3 қадам)

1. Шынтақ таянышының астындағы сыдырманы шешіңіз. **(1-суретті қараңыз)**
2. Шынтақ таянышын (қабы мен пенопласт) шынтақ таянышы жақтауынан алыңыз.
3. Пенопластты қысу және қапты сырғыту арқылы қабын шешіп алыңыз.

### Шынтақ таянышына қабын бекіту (4 қадам)

1. Шынтақ таянышы қабындағы сыдырманы шешіңіз.
2. Шынтақ таянышының пенопластын шынтақ таянышы қабына салыңыз.
3. Шынтақ таянышын (пенопласт пен қап) шынтақ таянышы жақтауына қойыңыз. **(2-суретті қараңыз)**
4. Сыдырманы жабыңыз.

1-сурет



## Еңкейту бұрышы индикаторы

Еңкейту бұрышының индикаторы еңкейетін үстелді көтеру және түсіру кезіндегі бұрыш өлшемін көрсетеді. **(1-суретті қараңыз)**

Еңкейту бұрышының индикаторы клиникалық өлшемдер жасау үшін пайдалануға арналмаған. Еңкейту функциясын пайдалану кезінде, күтім жасаушылар клиникалық бағалауды пайдалану керек.

Жұмыс ауқымдары -25° және 75° аралығында. Датчиктің дәлдігі мен жұмыс дәлдігі ±5°-қа тең.

ЕСКЕРТПЕ
*Sara Combilizer* бүйіріне қарай еңкейтілгенде, еңкейту бұрышының индикаторы жұмыс істемейді.

2-сурет




## Сұйықтық қалтасын бекіту ілмектері

Орындық тақтасының әрбір тарапында сұйықтық қалталарын (мысалы, катетер қалталары) бекітуге арналған ұяшықтар бар. **(2A суретін қараңыз)**

## Бүйірлік тасымалдау тұтқалары

Орындық тақтасының әрбір тарапында *Sara Combilizer* бүйірлерінде жылжыту кезінде пайдаланылатын тұтқалар бар. **(2B суретін қараңыз)**

3-сурет



## Батарея

*Sara Combilizer* екі батареямен жіберіледі.
Әшқашан қосалқы бетереяны зарядтап қойыңыз.

**Батареяны алу:** тіке тартып шығарыңыз. **(3-суретті қараңыз)**

**Батарея заряды төмен/бос:** басқару пультіндегі/басқару панеліндегі кез келген түймені басқанда, импульстік дыбыстық сигнал арқылы көрсетіледі. Түйме босатылғаннан кейін дыбыс 10 секунд шығады. Батареяны дереу ауыстырыңыз.

Батарея заряды таусылғанда, келесілерді орындауға болады:

- орындықты/сырғытқыны/еңкейетін үстелді төмендету
- орындық күйінен сырғытқы күйіне өзгерту
- солға/оңға еңкейту
- жоғарыға/артқа еңкейту, орындық немесе сырғытқы

Басқа қозғалыстарды орындау мүмкін емес.

Батарея туралы қосымша ақпарат алу үшін, *54-беттегі Батарея нұсқаулары* бөлімін қараңыз.

# Басқару функциялары

1-сурет




## Басқару элементтері

*Sara Combilizer* құрылғысында екі басқару құралы бар. Басқару пульті және басқару панелі

- **Басқару пульті**
  Басқару пультін *Sara Combilizer* құрылғысын барлық күйлерге өзгерту үшін пайдалануға болады. Оны режимдерді өзгерту үшін пайдалану мүмкін емес.

  Пайдаланылмайтын кезде, басқару пультін тасымалдау тұтқасына **(A)** қойыңыз. Басқару пультінің кабелі тасымалдау тұтқасына **(B)** бекітіледі. **(1-суретті қараңыз)**

2-сурет



- **Басқару панелі**
  Басқару панелін режимдер арасында өзгерту үшін пайдалануға болады. Онда негізгі қозғалыстарға арналған сақтық көшірме функциялары да бар. **(2-суретті қараңыз)**

3-сурет




## Режимдер

Екі режим бар. **(3-суретті қараңыз)**

Келесі қозғалыстарды басқа режимдерде орындауға болады:

### Тұру режимі (қызыл)

- жоғары/төмен
- еңкейетін үстелді солға/оңға еңкейту

### Қалыпты режим (көк)

- жоғары/төмен
- орындық/сырғытқы күйіне өзгерту
- сырғытқы ретінде артқа/жоғары еңкейту (Тренделенбург күйі)
- орындық ретінде артқа/жоғарыға еңкейту
- орындық/сырғытқы ретінде солға/оңға еңкейту

4-сурет

A

B



## Режим түсі

Түйме функциясы таңдалған режимге байланысты болады. Түймедегі фондық түс түймелердің пайдаланылатын режимін көрсетеді. **(4-суретті қараңыз)**

- **Көк түс (A)** = қалыпты режим
- **Қызыл және көк түс (B)** = тұру және қалыпты режим

## Режимді өзгерту

Тек басқару панелін режимдер арасында өзгерту үшін пайдалануға болады.

Режимдер арасында өзгертуді екі әдіспен орындауға болады:

- Басқару панеліндегі "режимді өзгерту" түймесін пайдалану
  1. Таңдалған режим өзгерту түймесін басыңыз (жарықдиод шамы жыпылықтап, *Sara Combilizer* дұрыс күйге өзгеруін көрсетеді).
  2. Жарықдиод шамы тұрақты (тұру режимі) жанбайынша немесе өшірілмейінше (қалыпты режим), түймені басып тұрыңыз.
  3. Режимі өзгерісі *Sara Combilizer* көлденең сырғытқы күйінде және ең төмен биіктікте ғана орын алады.
- Басқару пультіндегі түймелерді, сонан соң басқару панеліндегі таңдалған режим өзгерту түймесін пайдаланыңыз
  1. *Sara Combilizer* құрылғысын көлденең сырғытқы күйіне және ең төмен биіктікке орнату үшін басқару пультіндегі таңдалған түймелерді басыңыз.
  2. Таңдалған режим өзгерту түймесін басыңыз (жарықдиод шамы жыпылықтап, *Sara Combilizer* режим өзгерісіне дайындалып жатқанын көрсетеді).
  3. Жарықдиод шамы тұрақты (тұру режимі) жанбайынша немесе өшірілмейінше (қалыпты режим), түймені басып тұрыңыз.

## Басқару панеліндегі режим көрсеткіші

Басқару панеліндегі тұру режимі түймесінде жасыл жарықдиод шамы бар.

Тұру режимі түймесін басу кезінде, жарықдиод шамы жыпылықтай бастайды, ал режим өзгерісі аяқталғанда, шам тұрақты жанады.

30 минут ішінде ешбір түйме басылмаса, жарықдиод шамы өшеді (ұйқы режимі). Тұру режимінде кез келген түймені басу шамды қайта іске қосады.

Қалыпты режимде жарықдиод шамы жоқ. Қалыпты режимді таңдау кезінде, жарықдиод шамы жыпылықтай бастайды, ал режим өзгерісі аяқталғанда, шам өшеді.

**5-сурет** **Басқару панелі**




**6-сурет** **Басқару пульті**




## Түйме функциялары

**(5- және 6-суреттерді қараңыз)**

1. **Тұру режимі**
   Тұру режимін белсендіреді.
2. **Қалыпты режим**
   Қалыпты режимді белсендіреді.
3. **Жоғары**
   Қалыпты режим: сырғытқыны немесе орындықты жоғарыға жылжытады.
   Тұру режимі: сырғытқыны еңкейетін үстел күйіне көтереді.
4. **Төмен**
   Қалыпты режим: сырғытқыны немесе орындықты төменге жылжытады.
   Тұру режимі: еңкейетін үстелді сырғытқы күйіне төмендетеді.
5. **Орындық**
   Қалыпты режим: сырғытқыны орындық күйіне өзгертеді.
   Тұру режимі: жоқ.
6. **Сырғытқы**
   Қалыпты режим: орындық күйінен сырғытқы күйіне өзгертеді.
   Тұру режимі: жоқ.
7. **Жоғары бұру**
   Қалыпты режим: орындық немесе сырғытқы күйін көлденең күйіне өзгертеді.
   Тұру режимі: жоқ.
8. **Артқа еңкейту**
   Қалыпты режим: орындық күйін артқа еңкейтеді немесе сырғытқы күйін Тренделенбург күйіне қайта еңкейтеді.
   Тұру режимі: жоқ.
9. **Солға еңкейту**
   Қалыпты режим: сырғытқы немесе орындық күйін солға еңкейтеді.
   Тұру режимі: еңкейетін үстелді солға еңкейтеді.
10. **Оңға еңкейту**
    Қалыпты режим: сырғытқы немесе орындық күйін оңға еңкейтеді.
    Тұру режимі: еңкейетін үстелді оңға еңкейтеді.

ЕСКЕРТПЕ
Солға немесе оңға еңкейту кезінде, сырғытқы немесе орындық күйі көлденең күйіне жеткенде 3 секундқа тоқтайды. Түймені үздіксіз басып тұру кезінде, *Sara Combilizer* тоқтап, содан кейін басқа жаққа еңкеюді жалғастырады.

# Қауіпсіздік белдіктері

1-сурет




*Sara Combilizer* құрылғысында келесі қауіпсіздік белдіктері бар: **(1-суретті қараңыз)**

**A:** Бас қауіпсіздік белдігі
**B:** Иық қауіпсіздік белдіктері
**C:** Төс қауіпсіздік белдігі
**D:** Бел қауіпсіздік белдігі
**E:** Тізе қауіпсіздік белдігі

Сонымен қатар бір қосымша кеуде қауіпсіздік белдігі, бір қосымша бел қауіпсіздік белдігі және бір қосымша тізе қауіпсіздік белдігі өніммен бірге беріледі.

Кеуде, бел және тізе қауіпсіздік белдіктерін әрқашан тұру күйінде пайдаланыңыз. Қажет болса, иық және бас қауіпсіздік белдіктерін пайдаланыңыз.

Белдіктерді барлық күйлерінде пайдалану ұсынылған.

## Бекіту таспалары

Барлық қауіпсіздік белдіктері түстермен белгіленген: ақ, қара және көк.

2-сурет




### Қауіпсіздік белдіктерінің/бекіту таспаларының түс белгілері:

- **Көк:** Бел/кеуде **(A)**
- **Ақ:** Иық **(B)**
- **Қара:** Тізе **(C)**

**(2-суретті қараңыз)**

Барлық қауіпсіздік белдіктерінде (бас қауіпсіздік белдігінен басқа) қауіпсіздік белдіктерін тірек тақтасына бекіту үшін пайдаланылатын сырғымалы құлыптары бар.

Кеуде, бел және тізе қауіпсіздік белдіктері екі белдік бекіту таспасынан **(D)** және төсемі мен қабы бар **(E)** белдіктен тұрады. **(2-суретті қараңыз)**

Иық қауіпсіздік белдіктері төсемі мен қаптары **(E)** бар бір белдіктен және бекіту таспалары **(D)** бар бір белдіктен тұрады. **(2-суретті қараңыз)**

Иық қауіпсіздік белдігінің бекіту таспаларында **(D)** иық қауіпсіздік белдіктерін бел қауіпсіздік белдігіне бекіту үшін пайдаланылатын ілмектер бар. **(2-суретті қараңыз)**

3-сурет




### Қауіпсіздік белдіктерін тірек тақталарына бекіту (2 қадам)

1. Сырғымалы құлыпты сыртқы ұяшықтың **(A)** жоғарғы шеті арқылы енгізіңіз.
2. Сырғымалы құлыпты бекіту үшін **(B)**, оны бұрып, бекіту таспасын тірек бетіне қарай тартыңыз. **(3-суретті қараңыз)**

4-сурет A B



**Қауіпсіздік белдіктерін алу (2 қадам)**

1. Сырғымалы құлыпты ұясына **(A)** итеріп, босатыңыз. **(4-суретті қараңыз)**
2. Сырғымалы құлыпты бұрып, ұяшықтың жоғарғы ұшынан **(B)** тартып шығарыңыз. **(4-суретті қараңыз)**

5-сурет



**Қабы мен төсемін қауіпсіздік белдіктерінен алу (1 қадам)**

1. Төсем мен белдікті қабынан шығарып алыңыз. **(5-суретті қараңыз)**

**Қабы мен төсемін қауіпсіздік белдіктеріне қосу (3 қадам)**

1. Белдік таспасын қапқа салыңыз.
2. Төсемді белдік таспасының астына салыңыз (емделуші денесіне ең жақын төсем).
3. Қауіпсіздік белдігін бекіткіштерді белдікке тіркеңіз.

6-сурет



**Қауіпсіздік белдігін жалғау (2 қадам)**

1. Екі тоғаны бір-біріне жалғаңыз. **(6-суретті қараңыз)**
2. Тоға күйінде құлыпталғанын тексеріңіз.

7-сурет



**Қауіпсіздік белдігін шешу (1 қадам)**

1. Тоғаның бүйірлерін басып, бауларды екі жаққа тартыңыз. **(7-суретті қараңыз)**

8-сурет



**Қауіпсіздік белдігін қатайту (2 қадам)**

1. Шеткі бауды тоғадан алшақ тартыңыз. **(8-суретті қараңыз)**
2. Қалған шеткі бауды белдік қабының ішіне салыңыз.

9-сурет



**Қауіпсіздік белдігін босату (1 қадам)**

1. Тоғаны көтеріп, қалған шеткі бауды тоға арқылы өткізіңіз. **(9-суретті қараңыз)**

10-сурет

## Қауіпсіздік белдіктерін пайдалану

*Sara Combilizer* еңкейетін үстел күйінде болғанда, кеуде, бел және тізе қауіпсіздік белдіктерін пайдаланыңыз. Қажет болса, иық және бас қауіпсіздік белдігін пайдаланыңыз. Қауіпсіздік белдіктерін барлық күйлерінде пайдалану ұсынылған. **(10-суретті қараңыз)**

ЕСКЕРТПЕ
Күйді өзгертуден кейін қауіпсіздік белдіктерін тексеріңіз және емделушінің ыңғайлы жатқанын және қауіпсіздік белдіктері дұрыс бекітілгенін тексеріңіз.

### Кеуде қауіпсіздік белдігі (4 қадам)

1. Кеуде қауіпсіздік белдігі жоғарғы белдік бекіткіштерінің біріне жалғанғанын тексеріңіз. **(11A суретін қараңыз)**
2. **ЕСКЕРТУ**

   **Буыну қаупін болдырмау үшін, кеуде қауіпсіздік белдігін қолдың астына орналастырыңыз.**

   Кеуде қауіпсіздік белдігі жоғары сырғып, тамақты қысуына жол бермеу үшін, оны емделуші қолдарының астына орналастырыңыз. Әйел емделушілерде: кеуде қауіпсіздік белдігін әйел төсінен жоғары немесе төмен орналастырыңыз.
3. Кеуде қауіпсіздік белдігін басқа жоғарғы бекіткішке жалғаңыз. **(11A суретін қараңыз)**
4. Емделушіні мықтап бекіту үшін, кеуде қауіпсіздік белдігін реттеңіз. Кеудеге қысым түсірмеу үшін, қауіпсіздік белдігін қатты қатайтпаңыз.

11-сурет




### Бел қауіпсіздік белдігі (4 қадам)

1. Қауіпсіздік белдігі ортаңғы белдік бекіткіштерінің біріне жалғанғанын тексеріңіз. **(11B суретін қараңыз)**
2. Бел қауіпсіздік белдігін жамбас сүйегінің үстіндегі емделуші бел аймағына орналастырыңыз.
3. Бел қауіпсіздік белдігін басқа ортаңғы бекіткішке жалғаңыз. **(11B суретін қараңыз)**
4. Емделушіні мықтап бекіту үшін, бел қауіпсіздік белдігін реттеңіз. Ішке немесе жыныс мүшелеріне қысым түсірмеу үшін, қауіпсіздік белдігін қатты қатайтпаңыз.

12-сурет




13-сурет




14-сурет




15-сурет




### Тізе қауіпсіздік белдіктері (4 қадам)

1. Тізе қауіпсіздік белдіктері **(A)** төменгі белдік бекіткіштерінің **(B)** біріне жалғанғанын тексеріңіз. **(12-суретті қараңыз)**
2. Тізе қауіпсіздік белдіктерін емделуші тақылжырларының үстіне орналастырыңыз.
3. Тізе қауіпсіздік белдіктері басқа екі төменгі белдік бекіткішіне жалғанғанын тексеріңіз. **(12-суретті қараңыз)**
4. Емделушіні мықтап бекіту үшін, тізе қауіпсіздік белдігін реттеңіз.

ЕСКЕРТПЕ
Сырғытқы күйінен орындық күйіне өзгерту кезінде, тізе қауіпсіздік белдіктеріне назар аударыңыз, себебі күйді өзгерту кезінде таспалар қатты тартылуы мүмкін.

### Иық қауіпсіздік белдіктері (5 қадам)

1. Иық қауіпсіздік белдіктеріне арналған екі сырғымалы құлыпты **(A)** артқы тірек тақтасындағы **(B)** жоғарғы ұяшықтар арқылы бас және дене матрастарының арасына бекітіңіз. Олар артқы тірек тақтасынан қорғалғанын тексеріңіз. **(13-суретті қараңыз)**
2. Иық қауіпсіздік белдіктерін емделуші иықтарының үстіне және кеуде белдігінің **(A)** астына орналастырыңыз. **(14-суретті қараңыз)**
3. Бел қауіпсіздік белдігін **(B) (14-суретті қараңыз)** шешіп, иық қауіпсіздік белдіктерінің соңғы ілмектері **(C)** арқылы енгізіңіз. **(13- және 14-суреттерді қараңыз)**
4. Бел қауіпсіздік белдігін қайта жалғаңыз.
5. Емделушіні мықтап бекіту үшін, бел және иық қауіпсіздік белдіктерін реттеңіз.

### Бас қауіпсіздік белдігі (2 қадам)

1. Бас қауіпсіздік белдігін жастықтың екі жағындағы сырғымалы құлып **(A)** арқылы тартыңыз. **(15-суретті қараңыз)**
2. **ЕСКЕРТУ**

   **Емделушінің қозғалысы себебінен буынуды болдырмау үшін, бас қауіпсіздік белдігін пайдалану кезінде емделушіні бақылаңыз.**

   Емделуші басын бекіту үшін, бас қауіпсіздік белдігін реттеңіз.

# Төтенше жағдай және қауіпсіздік функциялары

1-сурет



## Қысып қалудан қорғау тақтасы

*Sara Combilizer* қысып қалудан қорғау тақтасымен жабдықталған. **(1-суретті қараңыз)** Қысып қалудан қорғау тақтасы басылғанда, төмен қарай бағытталған кез келген қозғалыс барысында автоматты түрде тоқтайды.

2-сурет




## Төтенше жағдайда тоқтату

### Белсендіру үшін:

Барлық электр компоненттердің қуатын толықтай өшіру үшін, төтенше жағдайда тоқтату түймесін басыңыз. **(2A суретін қараңыз)** Төтенше жағдай функция блогы өз функциясын жүргізеді. *29-беттегі Төтенше жағдай функция блогы* бөлімін қараңыз.

### Өшіру үшін:

Төтенше жағдайда тоқтату түймесін сыртқа шықпайынша сағат тілі бағыты бойынша бұраңыз.

## Төтенше жағдай функция блогы

**ЕСКЕРТУ**

**Жарақаттың алдын алу үшін, қалыпты түсіру мүмкін болмағанда төменше жағдайда төмендетуді ғана пайдаланыңыз. Түсіру кезінде аса абай болыңыз.**

Басқару пульті мен басқару панелі жұмыс істемесе, *Sara Combilizer* күйін өзгерту үшін, Төтенше жағдай функция блогын пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ
Емдеу барысындағы күтім жасаушылар саны күнделікті орындалатын жұмыстарға және емделуші жағдайына байланысты болады.

3-сурет



### Төтенше жағдай функция блогын пайдалану әдісі (5 қадам)

1. **ЕСКЕРТУ**

   **Жарақаттың алдын алу үшін, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ функцияларын пайдалану кезінде, төтенше жағдайда тоқтату және қысып қалудан қорғау тақтасы жұмыс істемейтінін ескеріңіз.**

1. Төтенше жағдай функция блогы оң жақ бүйіріндегі төменгі жақтауда орналасқан. **(3-суретті қараңыз)**
2. Төтенше жағдай функция блогының қақпағын төмен түсіріңіз. **(4-суретті қараңыз)**

4-сурет



*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

5-сурет




3. **ЕСКЕРТУ**

**Қысып қалуды болдырмау үшін, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ФУНКЦИЯЛАРЫН пайдалану кезінде, қолдарыңыз бен аяқтарыңызды жылжымалы бөлшектерге жақындатпаңыз.**

**Негізгі қуат қосқышын (A)** және төмендегі түймелердің бірін бір уақытта басыңыз: **(5-суретті қараңыз)**

- **Жоғары:** Сырғытқыны/орындықты **(B)** көтеріңіз.
- **Төмен:** Сырғытқыны/орындықты **(C)** төмендету.
- **Сырғытқы:** Орындық күйінен сырғытқы күйіне **(D)** өзгертіңіз.

4. *Sara Combilizer* құрылғысынан емделушіні алыңыз.
5. Білікті маманға қоңырау шалыңыз.

ЕСКЕРТПЕ
Төтенше жағдай функция блогы пайдаланылғанда, тексеру үшін білікті маманға хабарласыңыз және өнімді пайдаланбай тұрыңыз.

## Еңкейетін үстелді босату функциясы

**ЕСКЕРТУ**

**Жарақаттың алдын алу үшін, емделуші жағдайы бойынша қажет болғанда еңкейетін үстелді босату түймесін ғана пайдаланыңыз. Түсіру кезінде аса абай болыңыз.**

ЕСКЕРТПЕ
Емдеу барысындағы күтім жасаушылар саны күнделікті орындалатын жұмыстарға және емделуші жағдайына байланысты болады.

6-сурет




Емделуші ауыр жағдайда болғанда, емделушіні тұру күйінен көлденең күйіне жылдам төмендету үшін, еңкейетін үстелді босату функциясы пайдаланылады.

Еңкейетін үстелді босату функциясы белсендірілгенде, еңкейетін үстел құлыптан босатылып (дыбыстық сигналмен көрсетіледі), қолмен түсіруге болады.

Еңкейетін үстелді қолмен түсіру үшін қажетті күш жоғары болуы және екі немесе одан көп күтім жасаушы қажет болуы мүмкін.

Еңкейетін үстелді босату функциясын белсендіру түймесі **(A)** басқару тұтқасында орналасқан. **(6-суретті қараңыз)**

Белгінің қасында түсіру процедурасын сипаттайтын белгі **(B)** бар. **(6-суретті қараңыз)**

1-сурет

2-сурет



3-сурет



4-сурет



5-сурет



6-сурет

7-сурет



### Еңкейетін үстелді босату функциясын пайдалану әдісі (9 қадам)

1. *Sara Combilizer*.құрылғысында тежеуіштер қолданылғанын тексеріңіз.
2. Толық процесс барысында емделушінің басы бас жастығында немесе матраста жатуы керек. **(1-суретті қараңыз)**
3. Емделушіні түсіруден бұрын, түсіру кезінде байқаусыздан алыну қаупін барынша азайту үшін, емделушіге бекітілген барлық IV және бақылау желілері, дренаждар, сұйықтық қалталары және катетерлер босаң тұрғанын тексеріңіз.
4. Бір қолыңызды тасымалдау тұтқасына қойыңыз, бірақ тартпаңыз.
5. Қысып қалудан қорғау тақтасы және төтенше жағдайда тоқтату белсендірілмегенін тексеріңіз.
6. Тасымалдау тұтқасын итеріңіз. Жақсы ұстап тұру үшін, итеру кезінде шассидің қарнағын бір аяғыңызбен басып тұрыңыз.
7. Тасымалдау тұтқасындағы түймені әдеттегі "сырты" еткен жыбыс естіленше басыңыз. Дыбыстық сигнал естіледі. **(2-суретті қараңыз)**

ЕСКЕРТПЕ
Түймені басып тұрғанда, еңкейетін үстел жылжуды жалғастырады.

8. Түймені босатып, екі қолыңызды тасымалдау тұтқасына қойыңыз. **(3-суретті қараңыз)**
9. **ЕСКЕРТУ**

   **Төтенше жағдайда түсіру кезінде емделушінің мойны мен арқасы жарақаттануына жол бермеу үшін, күтім жасаушы тұтқадан ұстап, еңкейетін үстел мен емделуші салмағын тіреуі керек.**

   **Салмағын көтеру мүмкін болмаса, еңкейетін үстел жылдам түсіп, бірден тоқтауы мүмкін.**

   Еңкейетін үстелді көлденең күйіне келмейінше төмен қарай қатты тартыңыз. Жақсы ұстап тұру үшін, түсіру кезінде шассидің қарнағын бір аяғыңызбен басып тұрыңыз. **(4-суретті қараңыз)**
10. Процедураны аяқтау үшін, дыбыстық сигнал тоқтамайынша сырғытқыны төмен басыңыз. *Sara Combilizer* қалыпты режимде көлденең күйінде құлыпталды. **(5-суретті қараңыз)**

### Түсіргеннен кейінгі әрекеттер

- Қажет болса, сырғытқы биіктігін реттеңіз. Сырғытқы биіктігі еңкейетін үстелді босату функциясын пайдаланудан алдыңғы еңкейетін үстел бұрышына байланысты болады. **(6-суретті қараңыз)**
- Емделушінің жағдайы оны Тренделенбург күйіне қоюды қажет етсе, Артқа еңкейту түймесін басыңыз. Емделушіні көлденең/Тренделенбург күйінде қанша уақыт қалдыру керектігін клиникалық түрде анықтаңыз. **(7-суретті қараңыз)**

# Жұмысы

Келесі бөлімде *Sara Combilizer* құрылғысын емделушінің әртүрлі тасымалдау қажеттіліктеріне пайдалану туралы мәліметтерді береді. Операцияларға келесілер кіреді:

1. Емделушіні кереуеттен *Sara Combilizer* құрылғысына өткізу *(төменді қараңыз)*
2. Емделушіні *Sara Combilizer* құрылғысынан кереуетке өткізу *(36-бетті қараңыз)*
3. Емделушіні отыру күйінен тұру күйіне өткізу *(39-бетті қараңыз)*
4. Емделушіні тұру күйінен отыру күйіне өткізу *(41-бетті қараңыз)*
5. Күйді өзгерту *(43-бетті қараңыз)*
6. Тасымалдау *(46-бетті қараңыз)*

## Емделушіні кереуеттен Sara Combilizer құрылғысына өткізу

Емделушіні кереутке өткізу немесе кереуеттен алу әрекеттерін бүйірі бойынша өткізу әдістері немесе төбеден немесе еденнен көтеру құралдары арқылы орындауға болады. Рұқсат етілген өнім тіркесімдерін *62-беттегі Техникалық сипаттамалары* бөлімінен қараңыз.

Еденнен көтеру, төбеден көтеру немесе сырғытқыштардың нұсқауларын тиісті *ПН* бөлімінен қараңыз.

Емделушіні тасымалдаудан бұрын, тасымалдау кезінде байқаусыздан алыну қаупін барынша азайту үшін, емделушіге бекітілген барлық IV және бақылау желілері, дренаждар, сұйықтық қалталары және катетерлер босаң тұрғанын тексеріңіз.

Емделушіге тасымалдау туралы хабарлаңыз. (Бұл ессіз жатқан емделушілерге де қолданылады.)

**Осы 24 қадамды орындаңыз**

**1-сурет**




**2-сурет**



1. Серіппелі құлыпты **(A)** тартып шығарып, *Sara Combilizer* құрылғысындағы иық тірегін **(B)** қажетінше төмен түсіріңіз. **(1-суретті қараңыз)**

2. *Sara Combilizer* құрылғысындағы шынтақ таяныштары **(A)** алынғанына немесе көлденең күйде екеніне, матраспен теңестірілгеніне және ең ішкі күйінде екеніне көз жеткізіңіз. **(2-суретті қараңыз)**

3. *Sara Combilizer* жастығын алып, қауіпсіздік белдіктерін ажыратыңыз.

4. Кереуеттегі тежеуіштерді қолданыңыз.

5. Кереуетті эргономикалық биіктікке және көлденең күйіне реттеңіз.

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

**3-сурет**



**4-сурет**



**5-сурет**



**6-сурет**



6. Кереуеттің әр бір тарапында бір күтім жасаушыдан орналастырыңыз. **(3-суретті қараңыз)**
7. Кереуетте сүйеніштер бар болса, өткізілетін тарапқа қойыңыз.
8. Сырғытқыштарды емделушінің астына орналастырыңыз (Жергілікті әдісті пайдаланыңыз). **(3-суретті қараңыз)**
9. Жастық емделуші басының астына қойыңыз.
10. *Sara Combilizer* құрылғысые кереуеттің қасына орналастырыңыз.
11. Емделушінің белін *Sara Combilizer* артқы тірек тақтасы мен отыру тақтасының арасындағы аралыққа туралаңыз. **(4-суретті қараңыз)**
12. **ЕСКЕРТУ**

    **Пайдаланылатын құрылғының аударылмауы үшін, оған жақын басқа жабдықты көтермеңіз немесе түсірмеңіз және төмендету кезінде қозғалмайтын нысаннан хабардар болыңыз.**

    *Sara Combilizer* биіктігін кереуеттен 2-5 см-ге (1-2 дюймге) төмен болатындай етіп реттеңіз. Түсіру кезінде *Sara Combilizer* кереуетке тимейтінін тексеріңіз. **(5-суретті қараңыз)**
13. Тасымалдау кезінде емделушінің аяқтарының соғылуын болдырмау үшін, аяқт тіреуішін реттеңіз. Қажет болса, аяқ тіреуішін толық алып тастаңыз.
14. **ЕСКЕРТУ**

    **Емделушіні тасымалдау кезінде құлап кетуін болдырмау үшін, жабдықтағы тежеуіштерді қолданыңыз.**

    *Sara Combilizer* тежеуіштерін қолданыңыз. **(6-суретті қараңыз)**

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

**7-сурет**

**8-сурет**



15. **ЕСКЕРТУ**

**Тасымалдау кезінде жарақатты болдырмау үшін, емделушінің басы мен аяқтарына назар аударып, жақын жерде кедергілер бар-жоғын тексеріңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Емделушінің құлауын немесе күтім жасаушының жарақат алуын болдырмау үшін, емделушіні тасымалдау процесі барысында екі немесе одан көп күтім жасаушы болуы керек.**

Емделушіні сырғытқыш арқылы *Sara Combilizer* құрылғысына тасымалдаңыз.
Тиісті сырғытқыш *ПН* бөлімін қараңыз. Сырғытқыш арқылы тасымалдау мысалдары:

- Түтік. **(7-суретті қараңыз)**
- Сырғыту желкені. **(8-суретті қараңыз)**

ЕСКЕРТПЕ
Тасымалдау кезіндегі күтім жасаушылар мен олардың орындары пайдаланылатын тасымалдау әдісіне және емделушінің клиникалық анализіне байланысты.

**9-сурет**



**10-сурет**



16. **ЕСКЕРТУ**

**Құлап кетуді болдырмау үшін емделушінің осы *Пайдалану нұсқауларына* сәйкес жатқызылғанын тексеріңіз.**

Емделушінің басын бас тіреуішіне, ал аяқтарын аяқ тіреуішіне орналастырыңыз. **(9-суретті қараңыз)**

17. Емделушінің белі арқа тірегі тақтасы мен отыру тақтасы арасындағы аралыққа туралатындай етіп реттеу үшін, сырғытқышты пайдаланыңыз. **(10-суретті қараңыз)**

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

18. **ЕСКЕРТУ**

**Емделушінің құлап кетуін болдырмау үшін, тасымалдау аяқталғаннан кейін, емделушінің астынан сырғытқышты алып тастаңыз.**

*Sara Combilizer* құрылғысын кереуеттен алшақтатып, *Sara Combilizer* әрбір тарапына бір күтім жасаушы қойыңыз.

19. Сырғытқышты алыңыз (жергілікті әдісті пайдаланыңыз). Қысым мен ыңғайсыздықты болдырмау үшін, матраста және емделушінің киімінде тыртыстар бар-жоғын тексеріңіз.

**11-сурет**



20. **ЕСКЕРТУ**

**Құлап кетуіне жол бермеу үшін, емделуші дұрыс орналасқанына және қауіпсіздік белдіктері пайдаланылатынына, дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.**

Емделушіні кеуде, бел және тізе қауіпсіздік белдіктерімен бекемдеңіз. **(11-суретті қараңыз)**

21. *Sara Combilizer* жастығын емделуші басының астына қойып, таспаларды тасымалдау тұтқасының астына жалғаңыз. **(11-суретті қараңыз)**

22. Иық тіреуіштерін **(12-суретті қараңыз)** жоғары жинап, емделушіні бекіту үшін енін реттеңіз.

**12-сурет**



23. **ЕСКЕРТУ**

**Пайдалану кезінде жарақатты болдырмау үшін, аяқ тақтасының салмағы ауыр екенін ескеріңіз.**

Емделушінің ұзындығына сәйкестендіру үшін аяқ тіреуішін реттеңіз/бекітіңіз.

24. *Sara Combilizer* енді күйді өзгертуге және/немесе тасымалдауға дайын. *43-беттегі Күйін өзгерту* және *46-беттегі Тасымалдау* бөлімдерін қараңыз.

## Емделушіні Sara Combilizer құрылғысынан кереуетке өткізу

Еденнен көтеру, төбеден көтеру немесе сырғытқыштардың нұсқауларын тиісті *ПН* бөлімінен қараңыз.

Емделушіні тасымалдаудан бұрын, тасымалдау кезінде байқаусыздан алыну қаупін барынша азайту үшін, емделушіге бекітілген барлық IV және бақылау желілері, дренаждар, сұйықтық қалталары және катетерлер босаң тұрғанын тексеріңіз.

Емделушіге тасымалдау туралы хабарлаңыз. (Бұл ессіз жатқан емделушілерге де қолданылады.)

**Осы 19 қадамды орындаңыз**

**1-сурет**




**2-сурет**

**3-сурет**




1. **ЕСКЕРТУ**

   **Емделушіні тасымалдау кезінде құлап кетуін болдырмау үшін,емделуші орналастырылатын жабдықтағы тежеуіштерді қолданыңыз.**

   Кереуеттегі тежеуіштерді қолданыңыз.
2. Кереуетті эргономикалық биіктікке және көлденең күйіне реттеңіз.
3. **ЕСКЕРТУ**

   **Емделушінің құрылғыдан құлауын болдырмау үшін, барлық жақтың тіреуіштерін құлыптаулы күйінде екенін тексеріңіз.**

   Мүмкін болса, кереуеттің сүйеніштерін тасымалдау жағына түсіріңіз.
4. *Sara Combilizer* құрылғысындағы шынтақ таяныштары **(A)** алынғанына немесе көлденең күйде екеніне, матраспен теңестірілгеніне және ең ішкі күйінде екеніне көз жеткізіңіз. **(1-суретті қараңыз)**
5. Аяқ тіреуішін **(B)** емделушінің аяқтарынан алшақ қойыңыз немесе аяқ тіреуішін алып тастаңыз. **(1-суретті қараңыз)**
6. Кереует жағындағы барлық қауіпсіздік белдіктерін ажыратып, жинап қойыңыз.
7. Сырғытқыштарды емделушінің астына орналастырыңыз (жергілікті әдісті пайдаланыңыз). **(2-суретті қараңыз)**
8. Серіппелі құлыпты **(A)** тартып шығарып, иық тірегін **(B)** *Sara Combilizer* құрылғысының кереует жағына түсіріңіз. **(3-суретті қараңыз)**

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

**4-сурет**



9. *Sara Combilizer* құрылғысын кереуетке жақын орналастырып, биіктігін кереуеттен 5 см (2 дюйм) жоғары орнатыңыз. **(4-суретті қараңыз)**
10. *Sara Combilizer* құрылғысын кереуетпен қабаттасатындай етіп орналастырыңыз. **(4-суретті қараңыз)**
11. **ЕСКЕРТУ**

    **Пайдаланылатын құрылғының аударылмауы үшін, оған жақын басқа жабдықты көтермеңіз немесе түсірмеңіз және төмендету кезінде қозғалмайтын нысандардан хабардар болыңыз.**

    *Sara Combilizer* төмендетіп, біртегіс тасымалдау үшін кереуеттің үстінде екенін тексеріңіз.
12. **ЕСКЕРТУ**

    **Көшіру кезінде құлап кетпеуі үшін, жабдықтағы барлық тежеуіштер қолданылғанын тексеріңіз.**

    *Sara Combilizer* тежеуіштерін қолданыңыз. **(5-суретті қараңыз)**

**5-сурет**



13. **ЕСКЕРТУ**

    **Емделушінің құлауын немесе күтім жасаушының жарақат алуын болдырмау үшін, емделушіні тасымалдау процесі барысында екі немесе одан көп күтім жасаушы болуы керек.**

    *Sara Combilizer* бүйіріне бір күтім жасаушы қойып, емделуші орналастырылатын кереуеттің қарама қарсы жағына бір күтім жасаушы қойыңыз.
14. Қажет болса, *Sara Combilizer* жастығын алып тастаңыз.

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

**6-сурет**



**7-сурет**

**8-сурет**



**9-сурет**



15. **ЕСКЕРТУ**

**Тасымалдау кезінде жарақатты болдырмау үшін, емделушінің басы мен аяқтарына назар аударып, жақын жерде кедергілер бар-жоғын тексеріңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Емделушіні тасымалдау кезінде құлап кетуін болдырмау үшін,емделуші орналастырылатын жабдықтағы тежеуіштерді қолданыңыз.**

Емделушіні сырғытқыш арқылы кереуетке тасымалдаңыз. Тиісті сырғытқыш *ПН* бөлімін қараңыз.
Сырғытқыш арқылы тасымалдау мысалдары:

- Сырғыту желкені. **(6-суретті қараңыз)**
- Түтік. **(7-суретті қараңыз)**

ЕСКЕРТПЕ
Тасымалдау кезіндегі күтім жасаушылар мен олардың орындары пайдаланылатын тасымалдау әдісіне және емделушінің анализіне байланысты.

16. Тежеуіштерді босатып, *Sara Combilizer* құрылғысын кереуеттен алшақтатыңыз. **(8-суретті қараңыз)**

17. **ЕСКЕРТУ**

**Емделушінің құлап кетуін болдырмау үшін, тасымалдау аяқталғаннан кейін, емделушінің астынан сырғытқышты алып тастаңыз.**

Сырғытқыштарды емделушінің астынан алып тастаңыз (жергілікті әдісті пайдаланыңыз).

18. Матраста немесе емделушінің киімінде қысымға не ыңғайсыздыққа себеп болатын тыртыстар бар-жоғын тексеріңіз. **(9-суретті қараңыз)**

19. **ЕСКЕРТУ**

**Емделушінің құрылғыдан құлауын болдырмау үшін, барлық жақтың тіреуіштерін құлыптаулы күйінде екенін тексеріңіз.**

Мүмкін болса, кереуеттің сүйеніштерін кереуетке қойыңыз.

## Емделушіні отыру күйінен тұру күйіне өткізу

Емделушінің клиникалық анализі мүмкіндік бергенде ғана, емделушіні отыру күйінен тұру күйіне тасымалдаңыз.

Жүру/тұру және көтеру көмекшілерінің рұқсат етілген тіркесімдерін *62-беттегі Техникалық сипаттамалары* бөлімінен қараңыз. Белсенді көмекші нұсқауларын тиісті көмекші *Пайдалану нұсқауларынан* қараңыз.

Емделушіні тасымалдаудан бұрын, тасымалдау кезінде байқаусыздан алыну қаупін барынша азайту үшін, емделушіге бекітілген барлық IV және бақылау желілері, дренаждар, сұйықтық қалталары және катетерлер босаң тұрғанын тексеріңіз.

Емделушіге тасымалдау туралы хабарлаңыз.

ЕСКЕРТПЕ
Тасымалдау кезіндегі күтім жасаушылар мен олардың орындары пайдаланылатын тасымалдау әдісіне және емделушінің клиникалық анализіне байланысты.

**Осы 13 қадамды орындаңыз**

**1-сурет**



**2-сурет**

**3-сурет**

1. Көмекшіні дайындап, оны *Sara Combilizer* жанына орналастырыңыз.
2. **ЕСКЕРТУ**
   **Көшіру кезінде құлап кетпеуі үшін, жабдықтағы барлық тежеуіштер қолданылғанын тексеріңіз.**

   *Sara Combilizer* тежеуіштерін қолданыңыз.
   **(1-суретті қараңыз)**
3. *Sara Combilizer* тік және ең төменгі орындық күйінде болуы керек. Орналастыру нұсқауларын *43-беттегі Күйін өзгерту* бөлімінен қараңыз.
4. Тасымалдау жағындағы иық тіреуішін түсіріңіз. *16-беттегі Иық тіреуіші* бөлімін қараңыз.
5. Тасымалдау жағындағы шынтақ таяныштарын алып тастаңыз. *12-беттегі Шынтақ таянышы* бөлімін қараңыз.
6. Барлық қауіпсіздік белдіктерін ажыратыңыз.
7. Емделушіні тасымалдау жағына абайлап бұрыңыз.
   **(2-суретті қараңыз)**
8. Емделушінің аяқтары еденге жетуі үшін, *Sara Combilizer* құрылғысын тасымалдау жағына абайлап еңкейтіңіз.
   **(3-суретті қараңыз)**

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

**4-сурет**



9. Емделуші тұру немесе көтеру көмекшісінсіз тұра алатын болса, тұру күйіне жылжу кезінде емделушіні сүйемелдеңіз.
10. Көмекшіні пайдаланатын болсаңыз, көмекшіні (бұл жағдайда жүру көмекшісі) емделушінің алдына қойыңыз. **(4-суретті қараңыз)**
11. **ЕСКЕРТУ**

    **Емделушіні тасымалдау кезінде құлап кетуін болдырмау үшін,емделуші орналастырылатын жабдықтағы тежеуіштерді қолданыңыз.**

    Көмекшідегі тежеуіштерді қолданыңыз.
12. **ЕСКЕРТУ**

    **Емделушінің құлауын немесе күтім жасаушының жарақат алуын болдырмау үшін, емделушіні тасымалдау процесі барысында екі немесе одан көп күтім жасаушы болуы керек.**

    Емделушіні тұру күйіне қойып, күнделікті жұмыстарға немесе көмекші *Пайдалану нұсқауларына* сәйкес тасымалдауды аяқтаңыз.

    ЕСКЕРТПЕ
    Емделушіні тұру күйіне қою үшін, *Sara Combilizer* ақырын көтерілуі және содан кейін тасымалданатын жағына қарай еңкейтіңіз.
13. Емделушіні сүйемелдеп, көмекші тарапқа қарай бағыттаңыз. **(4-суретті қараңыз)**

    ЕСКЕРТПЕ
    *Sara Combilizer* тік орындық күйінде болғанда ғана, емделушіні жүру/көтеру көмекшісіне тасымалдаңыз.

## Емделушіні тұру күйінен отыру күйіне өткізу

Жүру/тұру және көтеру көмекшісі нұсқауларын тиісті көмекші *Пайдалану нұсқауларынан* қараңыз.

Емделушіні тасымалдаудан бұрын, тасымалдау кезінде байқаусыздан алыну қаупін барынша азайту үшін, емделушіге бекітілген барлық IV және бақылау желілері, дренаждар, сұйықтық қалталары және катетерлер босаң тұрғанын тексеріңіз.

Емделушіге тасымалдау туралы хабарлаңыз.

ЕСКЕРТПЕ
Тасымалдау кезіндегі күтім жасаушылар мен олардың орындары пайдаланылатын тасымалдау әдісіне және емделушінің клиникалық анализіне байланысты.

**Осы 17 қадамды орындаңыз**

**1-сурет**



**2-сурет**



1. **ЕСКЕРТУ**

   **Емделушіні тасымалдау кезінде құлап кетуін болдырмау үшін,емделуші орналастырылатын жабдықтағы тежеуіштерді қолданыңыз.**

   *Sara Combilizer* тежеуіштерін қолданыңыз. **(1-суретті қараңыз)**
2. *Sara Combilizer* тік және ең төмен орындық күйінде екенін тексеріңіз.
3. Тасымалдау жағындағы иық тіреуішін түсіріңіз.
4. Тасымалдау жағындағы шынтақ таянышын алып тастаңыз.
5. Емделушіні көмекші арқылы *Sara Combilizer* құрылғысына жақын жылжытыңыз.
6. **ЕСКЕРТУ**

   **Көшіру кезінде құлап кетпеуі үшін, пайдаланылатын жабдықтағы барлық тежеуіштер қолданылатынын тексеріңіз.**

   Көмекші пайдаланылатын болса, көмекшідегі тежеуіштерді қолданыңыз.
7. Көмекшіні пайдаланатын болсаңыз, күнделікті жұмыстарға немесе көмекші *Пайдалану нұсқауларына* сәйкес тасымалдауды аяқтаңыз. **(2-суретті қараңыз)**
8. *Sara Combilizer* құрылғысында биіктікті емделушінің отыру биіктігін реттеңіз.
9. *Sara Combilizer* құрылғысын тасымалданатын жағына сәл еңкейтіңіз.

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

**3-сурет**

**4-сурет**

10. **ЕСКЕРТУ**

    **Емделушінің құлауын немесе күтім жасаушының жарақат алуын болдырмау үшін, емделушіні тасымалдау процесі барысында екі немесе одан көп күтім жасаушы болуы керек.**

    Отыру күйіне жылжыту кезінде, емделушіні сүйемелдеңіз. **(3-суретті қараңыз)**

11. Емделушінің аяқтары еденге тимейінше, *Sara Combilizer* құрылғысын ақырын түсіріңіз.

12. *Sara Combilizer* құрылғысын көлденең орындық күйіне еңкейтіңіз. Емделушіні сүйемелдеңіз.

13. Емделушіні алдына қарап отыру күйіне бұрылуға көмектесіңіз. **(4-суретті қараңыз)**

14. Емделушінің аяқтарын көтеріп, аяқ тіреуішіне қойыңыз.

15. **ЕСКЕРТУ**

    **Құлап кетуіне жол бермеу үшін, емделуші дұрыс орналасқанына және қауіпсіздік белдіктері пайдаланылатынына, дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.**

    Қажетті қауіпсіздік белдіктерін бекітіңіз және реттеңіз.

16. Шынтақ таянышын бекітіп, ені мен биіктігін емделушіге сәйкес орнатыңыз. *12-беттегі Шынтақ таянышы* бөлімін қараңыз.

17. Иық тіреуіштерін жоғары жинап, емделушіні бекіту үшін енін реттеңіз. *16-беттегі Иық тіреуіші* бөлімін қараңыз.

## Күйін өзгерту

*Sara Combilizer* құрылғысын пайдалану кезінде, әртүрлі күйлерге орнатылуы мүмкін: Сырғытқы күйі, еңкейетін үстел күйі, тік орындық күйі, артқа еңкейтілген орындық күйі, еңіс күйі (солға және оңға) және Тренделенбург күйі, толық мәліметті *11-беттегі Sara Combilizer күйлері* бөлімінен және *44-45 беттегі кестеден* қараңыз.

Күй өзгерістері орындалмас бұрын, *22-беттегі Басқару функциялары* бөлімін оқыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

**Емделушінің құлауын немесе дене бөлшектерінің қысылып қалуын болдырмау үшін, қолдар, аяқтар және табандар жабдықта екеніне көз жеткізіңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Тұру күйіне өзгерту кезінде күтім жасаушылардың аяқтары қысылып/тығылып қалмауы үшін, аяқтар аяқ тақтасынан алынғанын тексеріңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Қысылып қалуды болдырмау үшін, емделушілердің шашын, қолдарын және аяқтарын денеге жақын ұстаңыз және жылжыту кезінде ұстағыш тіректерді пайдаланыңыз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Жарақат алу қаупін болдырмау үшін, емделуші жатқызылған *Sara Combilizer* құрылғысының бас жағын -15° бұрыштан артық еңкейтпеңіз.**

**Еңкейту деңгейін *Sara Combilizer* бас бөлімінің астындағы еңкейту бұрышы индикаторында есептеуге болады.**




ЕСКЕРТПЕ
Емдеу барысындағы күтім жасаушылар саны күнделікті орындалатын жұмыстарға және емделуші жағдайына байланысты болады.

ЕСКЕРТПЕ
Еңкейетін үстел күйінен сырғытқы күйіне өзгертуден бұрын, шынтақ таяныштары түсірілуі керек.

ЕСКЕРТПЕ
Солға немесе оңға еңкейту кезінде, *Sara Combilizer* көлденең күйіне жеткенде 3 секундқа тоқтайды. Қозғалысты жалғастыру үшін, түймені басып тұртыңыз.

### Күй өзгерісіне дайындау

Күй өзгерістері орындалмас бұрын, күтім жасаушылар келесілерді орындауы керек:

- Емделушіге жоспарлы әрекет туралы хабарлаңыз. (Бұл ессіз жатқан емделушілерге де қолданылады).
- *Sara Combilizer* емделушінің қажеттіліктеріне сәйкес реттеңіз. *10-беттегі Өнім сипаттамасы/Функциялар* бөлімін қараңыз.
- Сырғытқы күйінен орындық күйіне өзгерту кезінде, тізе белдіктері бос бекітілгенін тексеріңіз.
- Күй өзгерісін орындау үшін, *Sara Combilizer* айналасында жеткілікті орын бар екенін тексеріңіз.
- Тежеуіштер қолданылғанын тексеріңіз.

### Емдеу барысында

- Емделушінің қолданыстағы клиникалық протоколға сәйкес қайта орналастырылғанын тексеріңіз.
- Емделушіні тасымалдаудан бұрын, процедуралар кезінде байқаусыздан алыну қаупін барынша азайту үшін, емделушіге бекітілген барлық IV және бақылау желілері, дренаждар, сұйықтық қалталары және катетерлер босаң тұрғанын тексеріңіз.

### Күй өзгерісінен кейін, емделушіні тексеру

Күй өзгерісі аяқталғаннан кейін, күтім жасаушы келесілерді орындауы керек:

- Қауіпсіздік белдіктері тыс қатты немесе тым бос емес екендігін тексеріңіз.
- *Sara Combilizer* құрылғысын емделушіге сәйкес реттеңіз.
  *10-беттегі Өнім сипаттамасы/Функциялар* бөлімін қараңыз.

### Режимді өзгерту

Режимді өзгерту үшін, екі процедураны пайдалануға болады:

- Басқару панеліндегі "режимді өзгерту" түймесін пайдаланыңыз.
- Басқару пультіндегі түймелерді, сонан соң басқару панеліндегі таңдалған режим өзгерту түймесін пайдалану.

*23-беттегі Режимді өзгерту* бөлімін қараңыз.

**Режим:**



**Орындық және сырғытқы күйі – Жоғары және төмен**

---

**Режим:**



**Сырғытқы күйінен еңкейетін үстел күйіне/еңкейетін үстел күйінен сырғытқы күйіне**

---

**Режим:**



**Сырғытқы күйінен орындық күйіне/Орындық күйінен сырғытқы күйіне**

**Режим:**



**Орындықты артқа еңкейту/Орындықты тік күйіне әкелу**

---

**Режим:**



**Сырғытқы күйінен Тренделенбург күйіне/Тренделенбург күйінен сырғытқы күйіне**

---

**Режим:**



**Солға немесе оңға еңкейту**

1-сурет

**Емделушімен (4 қадам)**

1. Қажетті қауіпсіздік белдіктері бекітілгенін тексеріңіз. *25-беттегі Қауіпсіздік белдіктері* бөлімін қараңыз.
2. **ЕСКЕРТУ**

   **Емделушінің құлауын немесе дене бөлшектерінің қысылып қалуын болдырмау үшін, қолдар, аяқтар және табандар жабдықта екеніне көз жеткізіңіз.**

   Емделушінің аяқтары мен қолдарын орындық ішіне орналастырыңыз. **(1-суретті қараңыз)**
3. Емделушінің ұзындығына сәйкестендіру үшін, аяқ тіреуішін реттеңіз. *14-беттегі Аяқ тіреуі* бөлімін қараңыз.
4. **ЕСКЕРТУ**

   **Қысылып қалуды болдырмау үшін, қозғалыс жолында кедергілер бар-жоғын тексеріңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Емделуші денесінің жарақатын/тығылып қалуын болдырмау үшін, тасымалдау кезінде көру аймағының шектелгендігін ескеріңіз.**

Тасымалдау жолында кедергілер жоқтығына және күтім жасаушылардың аяқтары дөңгелектерден алшақ екеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ
Емделушілерді тасымалдау кезінде, тік орындық күйін пайдалану ұсынылған. Орындық ең төменгі күйінде екенін тексеріңіз. *Sara Combilizer* құрылғысын тек қысқа аралықтарға тасымалдау үшін пайдалану ұсынылған.

2-сурет



**Емделушісіз (3 қадам)**

1. *Sara Combilizer* құрылғысын емделушісіз тасымалдау кезінде, *Sara Combilizer* құрылғысын тік орындық күйіне қойыңыз. **(2-суретті қараңыз)**
2. Орындықты барынша көбірек түсіріңіз.
3. Тасымалдау жолында кедергілер жоқтығына және күтім жасаушылардың аяқтары дөңгелектерден алшақ екеніне көз жеткізіңіз.

# Тазалау және зарарсыздандыру нұсқаулары

Келесі процестер ұсынылған, бірақ денсаулықты сақтау мекемесінде немесе пайдаланылатын елде қолданылуы мүмкін болған жергілікті немесе ұлттық реттеулерге (Медициналық құрылғылардың ластануы) сәйкес келуі керек. Сенімді болмасаңыз, жергілікті инфекциялық басқару бөлімі маманына хабарласыңыз.

*Sara Combilizer* құрылғысын әр емделуші аралығында және пайдалану кезінде қалыпты уақыт аралықтарында күнделікті түрде тазалап, зарарсыздандырып отыру керек; бұл барлық қайта пайдаланылатын медициналық құрылғыларда орындалуы тиіс.

Жабдықты тазалау және зарарсыздандыруға қатысты сұрақтарыңыз болса немесе зарарсыздандырғыш сұйықтыққа тапсырыс бергіңіз келсе, Arjo тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз. *Бөлшектер мен аксессуарлар* бөлімін қараңыз. Пайдаланылатын зарарсыздандыру құралдары үшін Қауіпсіздік туралы ақпараттық парақша (SDS) қолжетімді болуы керек.

**ЕСКЕРТУ**



**Көзге және теріге зақым келуін болдырмау үшін, қорғағыш көзілдірік пен қолғап киіңіз. Тиген жағдайда, көп мөлшердегі сумен жуыңыз. Көзіңіз немесе теріңіз тітіркенсе, дәрігерге хабарласыңыз. Әрқашан пайдалану нұсқаулары мен зарарсыздандырғыштың материал қауіпсіздігінің деректері парағын оқыңыз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Өзара ластануды болдырмау үшін осы *Пайдалану нұсқауларындағы* зарарсыздандыру нұсқауларын орындаңыз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Өзара ластануды болдырмау үшін, алкогольдің бактериялық және зең тұқымдарына әсері шектелгендігін ескеріңіз.**

**ЕСКЕРТУ**

**Көздің немесе терінің тітіркенуін болдырмау үшін, емделуші жатқанда зарарсыздандыруды орындамаңыз.**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

**Жабдықтың зақымдалуын болдырмау үшін, тек Arjo өндіретін зарарсыздандырғыштарды, изопропанолды немесе натрий гипохлоритін пайдаланыңыз.**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

**Тазаламаңыз:**

- **жуу туннелінде**
- **қысымдалған жуғышпен**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

**Жуудағы сәтсіздік тазалау/зарарсыздандыру құралының жиналуына немесе полиуретан төсемінің зақымдалуына себеп болатын реагенттің пайда болуына себеп болуы мүмкін.**

## Мақұлданған жуу құралдары/ зарарсыздандырғыштар

- Arjo Clean
- Arjo жалпы мақсаттағы зарарсыздандырғышы
- Arjo IV зарарсыздандырғыш жуу құралы
- Arjo барлық мақсаттарға арналған зарарсыздандырғышы
- Arjo CenKleen IV
- Алкоголь (изопропанол 70%)
- Натрий гипохлориті 0,1-0,5%
- Жұмсақ нейтралды жуу құралы

## Тазалауға/зарарсыздандыруға арналған аксессуарлар

- Қорғағыш көзілдірік
- Қорғағыш қолғап
- Суға арналған бүрку бөтелкесі
- Қорғағыш бітеуіші (басқару пультінің қосылымына арналған)
- Бір реттік сүлгілер

## Емделушілер аралығында тазалауға/зарарсыздандыруға арналған қосымша аксессуарлар

- Жұмсақ нейтралды жуу құралына арналған бүрку бөтелкесі
- Мақұлданған зарарсыздандырғышқа арналған бүрку бөтелкесі

## Қалыпты тазалауға/зарарсыздандыруға арналған қосымша аксессуарлар

- Агjо ұсынған зарарсыздандырғышқа арналған бүрку бөтелкесі
- Щетка
- Жуу машинасы
- Кептіру машинасы
- Жуу құралы

Бұл аксессуарлар ластанған емделушіден кейін немесе иммунитеті әлсіреген емделушіден бұрын тазалау үшін де қажет болады.

## Тазалауға және зарарсыздандыруға арналған жалпы нұсқаулар

- *ПН* немесе зарарсыздандырғыш бөтелкесінге көрсетілген нұсқауларға сәйкес тазалау және зарарсыздандыру қоспаларын араластыру керек.
- Жуу құралы/зарарсыздандырғыш жабдықтың барлық бөлшектеріне жетуі керек.
- *Sara Combilizer* құрылғысын сүрту кезінде, үстіңгі жағынан бастап төмен қарай жалғастырыңыз. **(1-суретті қараңыз)**

  **Емделушілер арасында:** Қолмен басқару пульті, басқару тұтқасы, басқа арналған матрас, иық тіреуіштері, шынтақ таяныштары, денеге арналған матрас, белдіктер, соның ішінде тіркеме баулары және аяқ тіреуіші.

  **Қалыпты тазалау:** Қолмен басқару пульті, басқару тұтқасы, артқы тіреуіш тақтасының алдыңғы жағы, иық тіреуіштері, шынтақ таяныштары, орындық пен аяқт тіреуіші тақтасының алдыңғы жағы, тіреуіш тақтасының артқы жағы, көтеру механизмі, шасси, аяқт тіреуіші және доңғалақшалар.
- Ажыратылған бөлшектерді бөлек тазалап, оларды таза бетке қойыңыз.
- Айқас ластануды болдырмау үшін, әр элементтен кейін бір реттік сүлгіні ауыстырыңыз.

**1-сурет**



## Емделушілер арасында тазалау/зарарсыздандыру

### Осы 21 қадамды орындаңыз

ЕСКЕРТПЕ
Ластанған емделушіден кейін немесе иммунитеті әлсіреген емделушіден бұрын тазалау кезінде, *Қалыпты тазалау/зарарсыздандыру* бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз

**1-сурет**



### Дайындау (қадам 1-4)

1. *Sara Combilizer* құрылғысын орындық күйіне (қалыпты режим) қойыңыз.
2. Орындықтың биіктігін эргономикалық жұмыс биіктігіне орнатыңыз.
3. Қорғағыш бітеуіші немесе басқару пультінің жалғағыш штепселі басқару тұтқасындағы байланыс нүктесіне дұрыс енгізілгенін тексеріңіз. **(1-суретті қараңыз)**
4. Жастық пен барлық қауіпсіздік белдіктерін алыңыз.

### Көрінетін ластанған жерлерді жою (5-қадам)

5. Бір реттік сүлгіні суға малып, көрінетін дақтар мен кірді жойыңыз.

## *Sara Combilizer* алдыңғы жағы, жастық және қауіпсіздік белдіктері

### Тазалау (қадам 6-11)

6. *Sara Combilizer* құрылғысының емделушіге тиген барлық бөлшектеріне жуу құралын бүркіңіз.
7. Алдыңғы жағынан бастап, жастық пен қауіпсіздік белдіктерін бөлек тазалаңыз.
8. Жаңа бір реттік сүлгіні суға малып, жуу құралының іздерін сүртіп алыңыз.
9. Жуу құралын алып тастау мүмкін болмаса, су бүркіп, бір реттік сүлгімен сүртіп алыңыз.
10. Жуу құралының барлық іздерін сүртіп алмайынша қайталаңыз.
11. Барлық бөлшектерді кептіріңіз.

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

2-сурет



### Зарарсыздандыру (қадам 12-14)

12. *Sara Combilizer* құрылғысының емделушіге тиген барлық бөлшектеріне мақұлданған зарарсыздандырғыш бүркіңіз. **(2-суретті қараңыз)**
13. Мақұлданған зарарсыздандырғышты бөтелкеде көрсетілген ұсынылған зарарсыздандыру уақытына немесе кемінде 2 минутқа сіңдіріп қойыңыз.
14. Бір реттік сүлгімен изопропанолдың барлық іздерін сүртіп алыңыз.

3-сурет



## Басқару панелі мен басқару пульті бар тасымалдау тұтқасы

### Тазалау (қадам 15-16)

15. Жуу құралын тасымалдау тұтқасына, басқару панеліне және басқару пультіне бүркіңіз. **(3- және 4-суреттерді қараңыз)**
16. 8-11 тазалау қадамдарын қайталаңыз.

### Зарарсыздандыру (қадам 17-18)

17. Мақұлданған зарарсыздандырғышты тасымалдау тұтқасына, басқару панеліне және басқару пультіне бүркіңіз.
18. 13-14 зарарсыздандыру қадамдарын қайталаңыз.

4-сурет



### Қайта жинау (қадам 19-21)

19. Жастық пен барлық қауіпсіздік белдіктерін зарарсыздандырылған *Sara Combilizer* құрылғысына бекітіңіз. *Өнім сипаттамасы/функциялары* және *Қауіпсіздік белдіктері* бөлімдерін қараңыз.
20. Қосылым нүктесінен қорғағыш бітеуішті алып, басқару пультін (қолданылатын болса) жалғаңыз.
21. Келесі тазалау/зарарсыздандыру үшін, қорғағыш бітеуішін қауіпсіз орынға қойыңыз.

1-сурет




2-сурет



3-сурет



## Қалыпты тазалау/зарарсыздандыру

Бұл процедураны ең кемінде әр ширекте не *Sara Combilizer* ластанғанда немесе иммунитеті әлсіз емделуші тарапынан пайдаланудан бұрын орындау керек.

### Осы 37 қадамды орындаңыз

### Дайындау (қадам 1-5)

1. *Sara Combilizer* құрылғысын еңкейетін үстел күйіне (тұру режим) қойыңыз.
2. Үстелді 45-70° бұрышқа көтеру арқылы биіктікті эргономикалық жұмыс биіктігіне орнатыңыз.
3. Белдік бекіту таспаларын қоса қауіпсіздік белдіктерін ажыратыңыз. **(1A суретін қараңыз)**
4. Жастықты, бас матрасын, дене матрасын және шынтақ таянышын (қаптар мен пенопласт) алыңыз. **(1B суретін қараңыз)**
5. Қорғағыш бітеуіші немесе басқару пультінің жалғағыш штепселі басқару тұтқасындағы байланыс нүктесіне дұрыс енгізілгенін тексеріңіз. **(2-суретті қараңыз)**

### Көрінетін ластанған жерлерді жою (қадам 6-10)

6. Бір реттік сүлгіні суға малып, *Sara Combilizer* және барлық ажыратылған бөлшектердегі көрінетін дақтар мен кірді жойыңыз.
7. Қатты ластанған болса, барлық көрінетін кірлерді жою үшін щетка мен сүлгілерді пайдаланыңыз.
8. Алынатын бөлектерді ағын жылы сумен жууға болады.
9. Қаптарды *Тоқыма өнімдерін жуу және кептіру* бөліміне сәйкес жуыңыз.
10. Қауіпсіздік белдіктері мен белдік бекіту таспаларын *Тоқыма өнімдерін жуу және кептіру* бөліміне сәйкес жуыңыз.

## *Sara Combilizer* алдыңғы жағы, басқару пульті және белдік толтырмасы

### Тазалау (қадам 11-15)

11. *Sara Combilizer* барлық алдыңғы бөлшектеріне, басқару пультіне және белдік толтырмасына Arjo мақұлдаған жуу құралын бүркіңіз.
12. Бір реттік сүлгіні суға малып, Arjo мақұлдаған жуу құралының іздерін сүртіп алыңыз. **(3-суретті қараңыз)**
13. Arjo мақұлдаған жуу құралын алып тастау мүмкін болмаса, ластанған бөлшекке су бүркіп, бір реттік сүлгімен сүртіп алыңыз.
14. Жуу құралының барлық іздерін сүртіп алмайынша қайталаңыз.
15. Барлық бөлшектерді кептіріңіз.

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

4-сурет



5-сурет



6-сурет



### Зарарсыздандыру (қадам 16-21)

16. Барлық бөлшектерге және басқару пультіне Arjo мақұлдаған жуу құралын бүркуді қайталаңыз.
17. Мақұлданған зарарсыздандырғышты бөтелкеде көрсетілген ұсынылған зарарсыздандыру уақытына сіңдіріп қойыңыз.
18. Жаңа бір реттік сүлгімен барлық зарарсыздандырғышты сүртіп алыңыз.
19. Зарарсыздандырғышты алып тастау мүмкін болмаса, ластанған бөлшекке су бүркіп, бір реттік сүлгімен сүртіп алыңыз.
20. Жуу құралының барлық іздерін сүртіп алмайынша қайталаңыз.
21. Барлық бөлшектерді кептіріңіз.

## *Sara Combilizer* артқы жағы

### Тазалау (қадам 22-23)

22. *Sara Combilizer* артқы жағындағы барлық бөлшектерге Arjo мақұлдаған жуу құралын бүркіңіз. **(4- және 5-суреттерді қараңыз)**
23. 10-13 тазалау қадамдарын қайталаңыз. Жаңа бір реттік сүлгілерді пайдаланыңыз.

### Зарарсыздандыру (қадам 24-25)

24. *Sara Combilizer* артқы жағындағы барлық бөлшектерге Arjo мақұлдаған жуу құралын бүркуді қайталаңыз.
25. 15-19 зарарсыздандыру қадамдарын қайталаңыз. Жаңа бір реттік сүлгілерді пайдаланыңыз.

## Тоқыма өнімдерін жуу және кептіру (26-29 қадамдары)

26. Қауіпсіздік белдіктерінің, шынтақ таяныштарының, жастықтың, бас және дене матрастарының қаптарын алыңыз. **(6-суретті қараңыз)**
27. Жуу кезінде толтырма мен пенопластты таза және құрғақ жерде сақтаңыз.
28. Тоқыма өнімін төмендегідей жуыңыз:

    Қаптар: Сыдырмасын ашып, қалыпты жуу режимінде 70°C (158°F) температурада жуыңыз.

    Белдік бекіту таспалары бар қауіпсіздік белдіктері: Қалыпты жуу режимінде 60°C (140°F) температурада жуыңыз.
29. Тоқыма өнімдерін төмендегіше кептіріңіз:

    Қаптар: Тысын аударып, сыдырмасы ашылған күйінде ең көбі 70°C (158°F) температурада кептіріңіз.

    Белдік бекіту таспалары бар қауіпсіздік белдіктері: Тоғаларымен ең көбі 60°C (140°F) температурада кептіріңіз.

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

7-сурет



8-сурет



## Қайта құрастыру (30-39 қадамдар)

30. Барлық толтырмаларды, пенопласттарды, қаптарды, қауіпсіздік белдіктерін және белдік бекіту таспаларын көзбен тексеріп шығыңыз.
31. Қауіпсіздік белдігі қаптарындағы қауіпсіздік белдіктерін тексеріңіз.
32. Төсемді белдік таспасының астына салыңыз (емделуші денесіне ең жақын төсем).
33. Пенопластты матрасқа, жастыққа, шынтақ таянышына және қауіпсіздік белдігі қаптарына салыңыз.
34. Матрастарды, жастықты, шынтақ таяныштарын, белдік бекіту таспаларын және қауіпсіздік белдіктерін зарарсыздандырылған *Sara Combilizer* құрылғысына бекітіңіз.
35. Қосылым нүктесінен қорғағыш бітеуішті алыңыз (қолданылатын болса). **(7-суретті қараңыз)**
36. Келесі тазалау/зарарсыздандыру үшін, қорғағыш бітеуішін қауіпсіз орынға қойыңыз.
37. Басқару пультін қосыңыз. **(8-суретті қараңыз)**
38. *Sara Combilizer* құрылғысын еңкейетін үстел күйінен сырғытқы күйіне түсіріңіз.
39. Қалыпты режимге өзгертіңіз және *Sara Combilizer* құрылғысын орындық күйіне қойыңыз.

ЕСКЕРТПЕ
Ағартқыш қоспасынсыз жұмсақ жуу құралын пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ
Қауіпсіздік белдіктерін немесе матрас қаптарын бүлдірмеңіз.

ЕСКЕРТПЕ
Дақтарды кетіргіш өнімдерді пайдаланбаңыз.

ЕСКЕРТПЕ
Белдікті 60°C (140°F) жоғары температурада немесе матрасты/белдік қаптарын 70°C (158°F) жоғары температурада кептірмеңіз.

ЕСКЕРТПЕ
Қаптар қатты кірлеген болса, оларды кейде ең көбі 80°C (176°F) температурада жууға болады.

# Батарея нұсқаулары

## ЕСКЕРТУ

**Батареяуы жармаңыз, теспеңіз, ашпаңыз немесе басқа механикалық түрде әсер етпеңіз.**

- Батарея жинағының корпусы жарылып, оның ішіндегісі теріге немесе киімге тисе, дереу сумен шайыңыз.
- Егер ішіндегілері көзге тисе, көп мөлшердегі сумен дереу шайып, дәрігерге хабарласыңыз.

**Құрамындағы заттармен тыныс алу тыныс алу жолдарының тітіркенуіне себеп болуы мүмкін. Таза ауамен қамтамасыз етіп, медициналық көмек көрсетіңіз.**

- Батареяны түсіріп алмаңыз.
- Батареяларды утилизациялау кезінде тиісті жергілікті органнан көмек сұраңыз.
- Батареядағы жапсырманы тексеріңіз.

## Батареяларды сақтау

- Батарея зарядталып келеді, алынғанда батареяның заряды өздігінен баяу бітетін болғандықтан, батареяны қайта зарядтауды ұсынамыз.
- Бұл батареяны пайдаланбайтын кезде, оның заряды баяу бітеді.
- Пайдаланылмайтын батареяны -0°C (32°F) - +30°C (86°F) температура ауқымында сақтау керек.
- Батареяның өнімділігін барынша арттыру үшін, батареяны 50°C (122°F) жоғары температурада сақтамаңыз.

## Зарядтау аралықтары

- Батареяның жарамдылық мерзімін арттыру үшін, оны қалыпты аралықтарда (мысалы, күн сайын түнде) зарядтап отырыңыз.
- Екі батареяны пайдалану ұсынылған, біреуін жұмыс істегенде, ал екіншісін зарядтағыштағы күту режимінде пайдаланыңыз.
- Пайдаланылмайтын батареяны зарядтағышта қалдыру ұсынылған. Батареяны артық зарядтау қаупі жоқ.

## Батареяның қызмет көрсету мерзімі

Жаңадан зарядталған батареяны пайдаланатын болсаңыз және бірнеше әрекетті орындағаннан кейін батарея индикаторы дыбыс шығара бастаса, жаңа батареяға тапсырыс беру уақыты келгенін білдіреді.

## Төмен заряд ескертуі

Батарея заряды азайғанда, дыбыстық сигнал шығады. Батареяны мүмкіндігінше тезірек зарядтау керек.

## Зарядтағышты орнату

*NEA 8000 батарея зарядтағышы пайдалану нұсқауларын* қараңыз.

## Батареяны зарядтау әдісі

*NEA 8000 батарея зарядтағышы пайдалану нұсқауларын* қараңыз.

# Күтім жасау және профилактикалық техникалық қызмет көрсету

*Sara Combilizer* құрылғысы тозуы және сынуы мүмкін, өнімнің бастапқы сипаттамасында қалуы үшін, көрсетілген келесі әрекеттерді орындау керек.

**ЕСКЕРТУ**

**Жарақатқа себеп болатын ақаулықты болдырмау үшін, қалыпты тексерістерді жүргізіп, ұсынылған техникалық қызмет көрсету жоспарын орындаңыз. Кейбір жағдайларда қарқынды пайдалану себебінен және жағымсыз орталарда, жиі тексерістерді орындау керек. Жергілікті реттеулер мен стандарттар ұсынылған техникалық қызмет көрсету жоспарынан қаталдау болуы мүмкін.**

**ЕСКЕРТУ**

**Емделуші мен күтім жасаушының жарақаттануын болдырмау үшін, жабдықты өзгертпеңіз немесе үйлесімсіз бөлшектерді пайдаланбаңыз.**

ЕСКЕРТПЕ
Емделушімен пайдалану кезінде өнімге техникалық немесе қалыпты қызмет көрсету мүмкін емес.

## ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖОСПАРЫ: *Sara Combilizer*

| КҮТІМ ЖАСАУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ Әрекет/Тексеріс | Пайдала-нудан бұрын | Емделу-шілер ара-сында | Апта сайын | Әр тоқсанда | Жылына бір рет | Әр 5 жылда |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Тазалау/Зарарсыздандыру | | X | | X | | |
| Қауіпсіздік белдіктерін көзбен тексеру | X | | | | | |
| Барлық ашық бөлшектерді көзбен тексеру | | | X | | | |
| Басқару пультін, кабельді және басқару панелін көзбен шолып тексеру | | | X | | | |
| Еңкейту бұрышы индикаторын көзбен тексеру | | | X | | | |
| Дөңгелектерді тазалау және тексеру | | | X | | | |
| Матрастарды, шынтақ таянышы жастықшаларын және бас жастықтарын көзбен тексеру | | | X | | | |
| Батареяны көзбен тексеру | | | X | | | |
| Функционалдық сынақты орындау | | | X | | | |
| Төтенше жағдайда тоқтату жұмысын тексеру | | | X | | | |
| Қысып қалудан қорғау тақтасының жұмысын тексеру | | | X | | | |
| Қауіпсіздік белдіктерін ауыстыру | | | | | | X |
| Тоқыма қаптарды ауыстыру | | | | | | X |
| Тек білікті маман тарапынан жыл сайынғы тексерістер | | | | | X | |

## Күтім жасаушы міндеттері

Күтім жасаушы міндеттері осы *Пайдалану нұсқауларындағы* нұсқауларды орындау арқылы *Sara Combilizer* туралы тиісті білімге ие маман тарапынан орындалуы керек.

Өнім тиісті түрде жұмыс істемейтін болса, білікті қызмет көрсету маманына хабарласыңыз.

**1-сурет**



## Пайдаланудан бұрын

### Қауіпсіздік белдіктерін көзбен тексеру

*Sara Combilizer* құрылғысын әр пайдалану алдында қауіпсіздік белдіктерін төмендегіше тексеру керек:

*Sara Combilizer* құрылғысын еңкейетін үстел күйіне (75°) қойыңыз. **(1-суретті қараңыз)** Келесілерді тексеріңіз:

- Барлық қауіпсіздік белдіктерінде сыдырылған, кесілген немесе үзілген жерлері бар-жоғын.
- Тоғалары зақымдалмағанын және олар ашылып-жабылатынын.
- Бекіту таспалары *Sara Combilizer* құрылғысына қауіпсіз түрде бекітілгенін.

Белдіктер зақымдалған болса, белдіктерді пайдаланбаңыз. Жаңа белдіктерге тапсырыс беру керек.

## Емделушілер арасында

### Тазалау/Зарарсыздандыру

*Sara Combilizer* құрылғысын әр пайдаланудан кейін зарарсыздандыру керек. *49-беттегі Емделушілер арасында тазалау/зарарсыздандыру* бөлімін қараңыз.

## Апта сайын

Апта сайын келесі тексерістерді орындау керек:

> ЕСКЕРТПЕ
> Зақымдар табылса, зақымдалған бөлшектерді дереу ауыстырыңыз. Қажет болса, білікті маманға хабарласыңыз

### Барлық ашық бөлшектерді көзбен тексеру

*Sara Combilizer* құрылғысын еңкейетін үстел күйіне (75°) қойыңыз. **(1-суретті қараңыз)** Келесілерде жарақатқа себеп болатын зақымдар, жарықтар немесе өткір қырлары бар жоғын тексеріңіз:

- Аяқ тіреуіші
- Шынтақ таяныштары
- Иық тіреуіштері
- Артқы тіреуіш тақтасындағы тасымалдау тұтқасы

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

2-сурет



### Еңкейту бұрышы индикаторын көзбен тексеру

Еңкейту бұрышы индикаторы төмендегіше тексеріңіз.

- *Sara Combilizer* еңкейетін үстелдің шеткі күйіне қойылғанын тексеріңіз. Еңкейту бұрышы индикаторы 75°±5° мәнін көрсетеді. **(2-суретті қараңыз)**
- Еңкейетін үстелді төмендетіп, еңкейту бұрышы индикаторындағы ине еркін қозғалуын тексеріңіз.
- *Sara Combilizer* құрылғысын көлденең сырғытқы күйіне қойыңыз. Еңкейту бұрышы индикаторы 0°±5° мәнін көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ
*Sara Combilizer* бүйіріне қарай еңкейтілгенде, еңкейту бұрышының индикаторы жұмыс істемейді.

3-сурет



### Басқару пультін, кабельді және басқару панелін көзбен шолып тексеру

Басқару пультін, кабельді және басқару панелін төмендегіше тексеріңіз:

- Жарақатқа себеп болатын немесе жабдықты тазалауға/зарарсыздандыруға ыңғайсыз ететін сынықтары немесе өткір қырлары бар-жоғын тексеріңіз. **(3-суретті қараңыз)**
- Басқару пультіндегі және басқару панеліндегі дисплейлер бекітілгенін және зақымдалмағанын тексеріңіз.

4-сурет



### Дөңгелектерді тазалау және тексеру

Дөңгелектерді төмендегіше тазалау және тексеру:

- Дөңгелектерді тексеріп, көрінетін кірді жойыңыз.
- Дөңгелектің қозғалысын тексеріп, олардың еркін жылжитынын және айналатынын тексеріңіз. **(4-суретті қараңыз)**
- Бір уақытта бір тежеуішті қолданыңыз. *Sara Combilizer* құрылғысын итергенде, тежеуішті қолдану арқылы дөңгелек жылжымауы керек. Барлық төрт тежеуіште қайталаңыз.
- Барлық төрт тежеуішті қолданыңыз. *Sara Combilizer* құрылғысын барлық бағытта итеріңіз. Итергенде ол жылжымауы керек.

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

5-сурет



### Матрастарды, шынтақ таянышы жастықшаларын және жастығын көзбен тексеру

Матрастарды, шынтақ таянышы жастықшаларын және жастығын көзбен тексеріңіз:

- Матаны тазалауда/зарарсыздандыруда қиындықтарға себеп болуы мүмкін саңылаулар, жарықтар немесе жыртықтар бар-жоғын тексеріңіз. **(5-суретті қараңыз)**
- Түсінің өзгеруі/ластану жағдайлары бар-жоғын тексеріңіз.
- Матрастар мен жастықты бекітуге арналған барлық таспалар зақымдалмағанын және матрастарға жалғанғанын тексеріңіз. Сыдырылған, кесілген немесе үзілген жерлері болмауы керек.
- Барлық сырғымалы құлыптар зақымдалмағанын тексеріңіз.

6-сурет



### Батареяны көзбен тексеру

Батареяны төмендегіше тексеріңіз:

- Қорапта жарықтар немесе батареяны жалғау тығынында зақымдар/босаған жерлері жоқтығын тексеріңіз. **(6-суретті қараңыз)**
- Батареяларда ағатын жерлері жоқтығын тексеріңіз.
- Қосалқы батареяны да сондай әдіспен тексеріңіз.

7-сурет



### Функционалдық сынақты орындау

Функционалдық сынақты төмендегіше орындаңыз:

- Басқару пульті мен басқару панеліндегі функциялар арқылы өтіңіз. **(7-суретті қараңыз)**
- Бастапқы күйінен соңғы күйіне дейінгі барлық қозғалыстарды сынақтан өткізіңіз. Барлық түймелер *Басқару функциялары* бөліміне сәйкес жұмыс істеуі керек.
- Қозғалыстар кезінде қалыптан тыс дыбыстарды тексеріңіз.
- Басқару пульті жұмыс істемейтін болса, оны ауыстырыңыз.
- Басқару панелі жұмыс істемесе немесе қалыптан тыс дыбыстар естілсе, білікті маманға хабарласыңыз.

*Келесі беттегі қадамдарды жалғастырыңыз.*

8-сурет



### Төтенше жағдайда тоқтату жұмысын тексеру

Төтенше жағдайда тоқтату жұмысын төмендегіше тексеріңіз:

- Төтенше жағдайда тоқтату түймелерінің бірін белсендіріңіз. **(8-суретті қараңыз)**
- Басқару пультіндегі немесе басқару панеліндегі түймелер басылғанда қозғалыстар болмайтынын тексеріңіз.
- Төтенше жағдайда тоқтатуды қалпына келтіріңіз.
- Басқару пультіндегі немесе басқару панеліндегі түймелер басылғанда қозғалыс бар екенін тексеріңіз.
- Екінші төтенше жағдайда тоқтату түймесі үшін жоғарыдағы сынақты қайталаңыз.

9-сурет



### Қысып қалудан қорғау тақтасының жұмысын тексеру

Қысып қалудан қорғау тақтасының жұмысын төмендегіше тексеріңіз:

- Басқару пультіндегі “Down” (Төменге) түймесін басып тұрыңыз.
- Екі шасси қарнағының арасында орналасқана қысып қалудан қорғау жолағын басыңыз. **(9-суретті қараңыз)**
- *Sara Combilizer* құрылғысы тоқтайтынын және қосымша қозғалыстар орын алмайтынын тексеріңіз.
- Қысып қалудан қорғау тақтасын босатыңыз.
- “Down” (Төменге) түймесін басып тұрыңыз.
- *Sara Combilizer* құрылғысын төмен жылжитынына көз жеткізіңіз.

## Тек білікті маман тарапынан жыл сайынғы тексерістер

*Sara Combilizer* құрылғысына *Техникалық қызмет көрсету және жөндеу нұсқаулығына* сәйкес жыл сайын қызмет көрсетілуі керек.

**ЕСКЕРТУ**

**Жарақаттың және/немесе қауіпсіз өнім жұмысының алдын алу үшін, техникалық қызмет көрсету әрекеттері білікті маман тарапынан тиісті құралдарды, бөлшектерді және процедураларды қолдану арқылы дұрыс уақыт аралықтарында орындалуы керек. Білікті маман осы құрылғыға техникалық қызмет көрсету бойынша тренингтен өтуі керек.**

ЕСКЕРТПЕ
Күтім жасаушының барлық міндеттемелері білікті маман қызметін орындау барысында тексерілуі керек. Мәліметтерді бөлек қызмет көрсету нұсқауларынан қараңыз.

# Ақауларды жою және дабылдар

## Ақауларды жою

*Sara Combilizer* батареясы зарядталғанын немесе өзгертілгенін және кейінгі әрекеттерді орындаудан бұрын дұрыс енгізілгенін тексеріңіз. Әрбір қадамнан кейін келесі қадамға өтпес бұрын ақаулар жойылғанын тексеріңіз.

| **АҚАУ**<br>**(*Sara Combilizer* пайдалану)** | **ӘРЕКЕТ**<br>**(Төмендегі әрекеттерді сипатталған тәртіпте орындаңыз)** |
|---|---|
| **Басқару пульті** жауап бермейді. | 1. *Sara Combilizer* айналасында, үстінде немесе астында кедергі болатын нысандар бар-жоғын тексеріңіз.<br>2. Емделушінің салмағы 200 кг-нан (440 фунт) аспауы керек.<br>3. Төтенше жағдайда тоқтату өшірілгенін тексеріңіз.<br>4. Басқару пультінің қосылымын алып тастап, тығынды қайта толық енгізіңіз.<br>5. Қысып қалудан қорғау тақтасы белсендірілмегенін тексеріңіз.<br>6. Басқару пультінің кабелін ажыратып, сырғытқыны/орындықты/еңкейетін үстелді басқару панелі арқылы жылжытып көріңіз.<br>7. Басқару панелі жұмыс істемейтін болса, басқару пультін ауыстырыңыз.<br>8. Ақау жойылмаса, емделушіні шығарыңыз. Қажет болса, төтенше жағдайда төмендету қорабын пайдаланыңыз.<br>9. Білікті маманға қоңырау шалыңыз. |
| **Басқару панелінде режимді өзгерту** Режимді өзгерту мүмкін емес. | 1. *Sara Combilizer* айналасында, үстінде немесе астында кедергі болатын нысандар бар-жоғын тексеріңіз.<br>2. Емделушінің салмағы 200 кг-нан (440 фунт) аспауы керек.<br>3. Қысып қалудан қорғау тақтасы белсендірілмегенін тексеріңіз.<br>4. Төтенше жағдайда тоқтату түймелері өшірілгенін тексеріңіз.<br>5. Жарықдиод шамы жыпылықтауды тоқтатпайынша және тұрақты шам (тұру режимі) немесе өшірілген шам (қалыпты режим) қабылданбайынша, "Режимді өзгерту" түймесін басу арқылы *Sara Combilizer* құрылғысы дұрыс күйде екенін тексеріңіз.<br>6. Ақау жойылмаса, емделушіні шығарыңыз. Қажет болса, төтенше жағдайда төмендету қорабын пайдаланыңыз.<br>7. Білікті маманға қоңырау шалыңыз. |
| **Еңкейетін үстелді төмендетуден кейін сырғытқы құлыпталмайды және ауыстыру режимі жұмыс істемейді.** | 1. Тасымалдау тұтқасын/сырғытқының бас жағын төмен қарай қатты басыңыз.<br>2. Ақау жойылмаса, емделушіні шығарыңыз.<br>3. Білікті маманға қоңырау шалыңыз. |
| **Тасымалдау**<br>Орындық күйінде тасымалдау кезінде маневр жасау қиындық тудырады. | 1. *Sara Combilizer* айналасында немесе астында кедергі болатын нысандар бар-жоғын тексеріңіз.<br>2. Барлық тежеуіштерді босатыңыз.<br>3. Барлық дөңгелектер таза және кедергі болатын нысандар жоқтығын тексеріңіз.<br>4. Барлық дөңгелектер еркін айналатынын және бұрылатынын тексеріңіз.<br>5. Ақау жойылмаса, емделушіні шығарыңыз.<br>6. Білікті маманға қоңырау шалыңыз. |

| АҚАУ<br>(*Sara Combilizer* пайдалану) | ӘРЕКЕТ<br>(Төмендегі әрекеттерді сипатталған тәртіпте орындаңыз) |
|---|---|
| **Тежеуіштер** жұмыс істемейді. | 1. Дөңгелектерде/тежеуіштерде кедергі болатын нысандар жоқтығын тексеріп, қажет болса тазалаңыз.<br>2. Ақау жойылмаса, емделушіні шығарыңыз.<br>3. Білікті маманға қоңырау шалыңыз. |
| **Солға оңға еңкейту көлденең** күйінде **тоқтамайды**. | 1. Сырғытқы күйі басқа жағында тоқтамайынша көлденең күй үстінен өтуі үшін, бүйірлік еңкейту түймелерінің бірін басыңыз.<br>2. Басқа жағындағы еңкейту түймесін басыңыз: Сырғытқы көлденең күйде тоқтайды.<br>3. Сырғытқы бүйірлік көлденең күйінде тоқтамаса, емделушіні алыңыз.<br>4. Білікті маманға қоңырау шалыңыз. |
| **Солға-оңға еңкейту функциясы** тұру режимінде жұмыс істемейді. | 1. Аяқ тіреуіші еденге тимейтінін тексеріңіз.<br>2. Аяқ тіреуіші еденге тиетін болса, *Sara Combilizer* төмендетіледі және аяқ тіреуіші ең жоғары ішкі күйге орнатылады.<br>3. Ақау жойылмаса, емделушіні шығарыңыз.<br>4. Білікті маманға қоңырау шалыңыз. |
| **Төтенше жағдай функция блогы** функциялары жұмыс істемейді. | 1. Емделушіні алыңыз.<br>2. Білікті маманға қоңырау шалыңыз. |

## Дабылдар

| ДАБЫЛДАР/ДЫБЫСТАР | ӘРЕКЕТ |
|---|---|
| **Дыбыс көрсеткіші**<br>Басқару панеліндегі немесе қолмен басқару пультіндегі түймені басқанда, импульстік дыбыстық сигнал естіледі. | Батарея деңгейі төмен.<br>1. Толық зарядталған батареяға өзгертіңіз.<br>2. Ақау жойылмаса, емделушіні шығарыңыз.<br>3. Білікті маманға қоңырау шалыңыз. |

# Техникалық сипаттамалары

| **Жалпы** | |
|---|---|
| Қауіпсіз жұмыс істеу жүктемесі (SWL) = Максимал жалпы жүктеме | 200 кг (440 фунт) |
| Емделушінің максимал салмағы | 200 кг (440 фунт) |
| Максимал жалпы салмағы (*Sara Combilizer* + емделуші) | 315 кг (694 фунт) |
| *Sara Combilizer* салмағы | 115 кг (254 фунт) |
| Моделі мен түрі | APA1 XXX XX<br>(XXX= нұсқасы, XX = арнайы ел)<br>APA1 000 WW<br>(000=стандарт, WW = дүниежүзілік) |
| Қорғаныс деңгейі<br>IP: Кіруден қорғау.<br>X: Бөгде заттардың тиюінен және кіруінен қорғау бұл өнім үшін көрсетілмеген.<br>4: Өнімге барлық тарапынан су бүрку оның қауіпсіздігі мен өнімділігіне әсер етпейді. | IPX4 |
| Қорғаныс деңгейі – басқару пульті<br>IP: Кіруден қорғау.<br>X: Бөгде заттардың тиюінен және кіруінен қорғау бұл өнім үшін көрсетілмеген.<br>6: Өнімге барлық тарапынан қатты ағынмен су бүрку оның қауіпсіздігі мен өнімділігіне әсер етпейді. | IPX6 |
| Медициналық жабдық | B түрі |
| Қорғаныс класы | Батареяға қуат беріледі |
| Жұмыс күші:<br>Басу түймелері – Басқару панелі<br>– Басқару пульті<br>– Еңкейту үстелін босату түймесі<br>– Төтенше жағдайда тоқтату<br>– Төтенше жағдай функция блогы<br>Тежеуіштер | <br>2 N<br>4 N<br>5 N<br>18 N<br>18 N<br>52 N |
| Көтергіштің номинал кернеуі | 24 В тт |
| Батарея бөлшегінің нөмірі | NEA0100-083 |
| Батарея түрі | НМГ (Никель-металл гидриді) |
| Батарея сыйымдылығы | 2,5 А/с |
| Батарея кернеуі | 24 В тт |
| Батарея зарядтағышы бөлшегінің нөмірі | NEA 8000-WW, NEA 8000-AU |
| Максимал өнімділік – жоғарғы/төменгі жетекші механизмі | 10% (2 минут қосулы, 18 минут өшірулі) |
| Максимал өнімділік – орындық/сырғытқы жетекші механизмі | 10% (2 минут қосулы, 18 минут өшірулі) |
| Максимал өнімділік – артқа еңкейту/тік жетекші механизмі | 10% (2 минут қосулы, 18 минут өшірулі) |
| Максимал өнімділік – солға/оңға еңкейту жетекші механизмі | 10% (2 минут қосулы, 18 минут өшірулі) |

| **Жалпы** | |
|---|---|
| Дыбыс деңгейі | 50 дБ (A) |
| Басқару пультінің кабелі | 50 см (19 5/8 дюйм) оралған<br>150 см (59 дюйм) максимал керілген |
| Ластану деңгейі | 2 |
| Еңкейту бұрышы индикаторының жұмыс ауқымы | -30° – 90° |
| Дәлдік және еңкейту бұрышы индикаторының дәлдігі | 5° |
| Максимал қуат | 200 Вт |

| Өртке қарсы қорғаныс деңгейі | EN 1021-1 және EN 1021-2 стандартына сәйкес |
|---|---|
| Материал:<br>Қауіпсіздік белдігі<br>Матрас, жастықша және бас жастығының пенопласты<br>Матрас, жастықша және бас жастығының қабы<br>Белдік толтырмасы мен аяқ тіреуішінің блоктары | <br>Полиэстер (PES)<br>Полиуретан (PU)<br>Полиуретан төсемі бар полиэстер материалы<br>Полиэтилен (PE) |

| **Компонент салмағы** | |
|---|---|
| Аяқ тіреуішінің салмағы | 5,8 кг (12,8 фунт) |
| Иық тіреуішінің салмағы | 0,9 кг (2,0 фунт) |
| Шынтақ таянышының салмағы | 3,1 кг (6,8 фунт) |
| Тоқыма жинағының салмағы | 6,1 кг (13,4 фунт) |

| **Рұқсат етілген тіркесім** | |
|---|---|
| *Sara Combilizer* құрылғысы төмендегі Arjo өнімдерімен біріктіріледі. | Maxi Sky 440, Maxi Sky 600, Maxi Sky 1000, Maxi Sky II, қосымша төмен дөңгелектері бар Maxi Move, Walker, Sara Plus, Concerto, Carevo, PT10, PT11 және OBT кереует үстіндегі үстел |
| Сырғытқыштар. | MaxiSlide желкендері, MaxiSlide Flites, MaxiTube Flites, MaxiTransfer, MaxiRoll және Maxi Air |
| Кереует жақтаулары арқылы бүйірлік тасымалдау кезіндегі өлшем талаптары: | |
| A: Кереуеттің/сырғытқының ені бүйірлік бөренелерімен бірге кемінде 510 мм (20 1/8 дюйм) болуы керек.<br><br>B: Жататын беттің биіктігі 560 мм (22 дюйм) – 980 мм (35 5/8 дюйм) ауқымында болуы керек.<br><br>C: *Sara Combilizer* дөңгелектерін сыйғызу үшін, еден мен кереует шассиінің арасында кем дегенде 170 мм (6 3/4 дюйм) бос аралық болуы керек.<br><br>D: Бас жағындағы және аяқ жағындағы дөңгелектер арасында кем дегенде 910 мм (35 3/4 дюйм) бос аралық болуы керек.<br><br>E: Аяқ жағы мен кереуеттің ортасы арасындағы қашықтық 535 мм (21 1/8 дюйм) болуы керек.<br><br>F: Бас жағы мен кереуеттің ортасы арасындағы қашықтық 375 мм (14 3/4 дюйм) болуы керек. |  |
| Басқа қосылымдарға рұқсат етілмеген. | |

| **Пайдалану, тасымалдау және сақтау** | |
|---|---|
| Температура | +10°C – +40°C (+50°F – +104°F) аралығында пайдалану<br>-10°C – +50°C (+14°F – +122°F) аралығында тасымалдау<br>-10°C – +50°C (+14°F – +122°F) аралығында сақтау |
| Ылғалдылық | 20-80% СЫ, +30°C (+86°F) температурада пайдалану<br>20-80% СЫ, +30°C (+86°F) температурада пайдалану – Конденсациясыз<br>20-80% СЫ, +30°C (+86°F) температурада сақтау – Конденсациясыз |
| Атмосфералық қысым | 800 гПа – 1060 гПа пайдалану<br>800 гПа – 1060 гПа тасымалдау<br>800 гПа – 1060 гПа сақтау |

| **Утилизациялау**<br>Құрылғыны ұлттық нормативтерге сәйкес утилизациялау керек. | |
|---|---|
| Қаптама | Ағаш және гофрленген картон, қайта өңделеді |

| ***Sara Combilizer* құрылғысын утилизациялау** |
|---|
| • Өнімдегі барлық батареялар бөлек қайта өңделуі керек. Батареялар ұлттық немесе жергілікті реттеулерге сәйкес утилизациялануы керек.<br>• Кергіштер/тұрақтандырғыштар сияқты матауыштар, төсем материалы, басқа да матадан жасалған бұйымдар немесе полимер не пластикалық материалдар және т.б. жанғыш қоқыстар ретінде сұрыпталуы керек.<br>• Электрлік және электрондық бөлшектері немесе электр сымы бар көтеру жүйелері Электрлік және электрондық жабдықтарды утилизациялау (WEEE) құжатына немесе жергілікті не ұлттық реттеулерге сәйкес бөлшектелуі және қайта өңделуі керек.<br>• Матауыш тақталары, рельстер, тік тіреуіштер сияқты әртүрлі металл түрлерінен жасалған компоненттер (құрамындағы металл мөлшері 90%-дан артық) металдар ретінде өңделуі керек. |

# Өлшемдері

**Өлшемдер мм және дюйм (”) бірлігінде берілген**

**Өлшеу шектеулері:**
>200 мм ±20 мм
≤200 мм ±5 мм
Бұрыштар ±2°

**Сырғытқының ұзындығы мен ені**




**Сырғытқының макс. және мин. биіктігі**







**Еңкейтін үстелдің максимал биіктігі мен тереңдігі**




**Еңкейту бұрышын арттыру/төмендету**




**Шассидің ұзындығы, ені және биіктігі**



**Орындықтың макс. және мин. биіктігі**
**Шынтақ таяныштарының ені**




**Артқы тұғыр және орындық ені Тік және еңіс күйіндегі орындықтың ұзындығы**




**Орындықты бүйіріне еңкейту**




**Сырғытқының бұру радиусы**




**Орындықтың бұру радиусы**



# Жапсырмалар

### Жапсырма түсіндірмесі

| | |
|---|---|
| **Батарея жапсырмасы** | Батареяның қауіпсіздік және қоршаған орта туралы ақпаратын көрсетеді. |
| **Деректер белгісі** | Кіріс қуаты, кіріс кернеуі және емделушінің максимал салмағы сияқты техникалық өнімділігі мен талаптарын көрсетеді. |
| **Сериялық нөмір жапсырмасы** | Өнім идентификациясын, сериялық нөмірін және өндірілген жылы мен айын көрсетеді. |
| **Идентификация жапсырмасы** | Sara Combilizer басқа бөлшектеріндегі идентификация жапсырмалары. |

### Белгі түсіндірмесі

| | |
|---|---|
| + SWL =315 kg/ 694 lbs; 115 kg/ 254 lbs; 200 kg/ 440 lbs | Жабдықтың қауіпсіз жұмыс жүктемесін қоса жалпы массасы. |
| **Safe Working Load** | Емделушінің максимал жалпы жүктемесін немесе *Sara Combilizer* құрылғысында болатын басқа жүктерді анықтайды. |
| **IPX4** | Су бүркуге қарсы қорғаныс деңгейі. |
| **24 VDC** | Қуат көзінің кернеуі. |
| **2,5 Ah** | Сыйымдылығы. |
| | В түрі, жұмыс бөлігі: IEC 60601-1 стандартына сәйкес электр тогының соғуынан қорғау. |
| | Пайдалану нұсқаулығын оқып шығу міндетті. |
| | 2012/19/EO (WEE) директивасына сәйкес утилизациялау үшін, электрлік және электрондық компоненттерді ажыратыңыз. |
| 2 min; 18 min | Өнімділігі 2 минут ҚОСУЛЫ, 18 минут ӨШІРУЛІ. |
| CE | Еуропалық Одақтың келісілген заңнамасына сәйкестігін көрсететін CE белгісі. |
| REF | Модель нөмірі. |
| SN | Сериялық нөмір. |
| | Өндірушінің аты мен мекенжайы. |
| TÜV SÜD C US | TÜV SÜD арқылы NRTL сәйкес сертификатталған. *Мақұлдаулар мен стандарттар тізімі* бөлімін қараңыз. |
| NiMH | Қоршаған орта қаупі. Утилизациялауға арналмаған. |
| | Қайта зарядталатын батарея. |
| | Жарамдылықтың аяқталу мерзімі. |
| 70 | Қалыпты жуу процесі макс. 70°C /158°F |
| | Ағартқыш пайдаланбаңыз. |
| | Қалыпты температурада машинада кептіруге болады. |
| | Үтіктемеңіз. |
| 60 | Қалыпты жуу процесі макс. 60°C/140°F. |
| | Қайта өңделеді. |
| | Пайдалану нұсқауларын оқыңыз. |
| | Төтенше жағдайда тоқтату түймесінің идентификациясы. |
| MD | Өнімнің ЕО 2017/745 медициналық құрылғы регламентіне сәйкес медициналық құрылғы екенін білдіреді. |


Деректер белгісі
SWL жапсырмасы
Сериялық нөмір жапсырмасы


Қауіпсіздік белдіктері мен бекіту таспаларындағы идентификация жапсырмасы (жалпы – 16)
Тоқыма қаптарға арналған идентификация жапсырмасы (жалпы – 11)
Матрас пенопластындағы, жастықтағы және пенопласт белдік толтырмасындағы идентификация белгісі (жалпы – 14)


ПН оқу
Еңкейетін үстелді босату функциясы

*Иық тіреуішін түсіру*





*Иық тіреуішін реттеу*



*Иық тіреуішін реттеу*







*Қораптағы төтенше жағдай функциясының түймелері*



*Төтенше жағдай функция қорабы*



*Батарея жапсырмасы*



*Аяқ тіреуіші*

*Аяқ тіреуіші идентификациясы*

# Стандарттар мен сертификаттар тізімі

| СТАНДАРТТЫ/ СЕРТИФИКАТ | СИПАТТАМА |
|---|---|
| EN/IEC 60601-1:2005<br>AMD1:2012 | Медициналық электр жабдығы – 1-бөлшек: Негізгі қауіпсіздік және қажетті өнімділікке арналған жалпы талаптар. |
| ANSI/AAMI ES60601-1 (2005)<br>AMD 1 (2012) | Медициналық электр жабдығы – 1-бөлшек: Негізгі қауіпсіздік және қажетті өнімділікке арналған жалпы талаптар. |
| CAN/CSA-C22.2 № 60601-1:14 | Медициналық электр жабдығы – 1-бөлшек: Негізгі қауіпсіздік және қажетті өнімділікке арналған жалпы талаптар. |
| ISO 10535:2006 | Мүгедектерді тасымалдауға арналған көтергіштер – Талаптар мен сынақ әдістері. |

# Электромагниттік үйлесімділік (ЭҮ)

Өнім сыртқы көздерден EMI (электромагниттік кедергі) кедергісін блоктау мүмкіндігіне сәйкес ағымдағы реттеу стандарттары бойынша үйлесімділікке тексерілді.

Кейбір процедуралар электромагниттік кедергілерді төмендетуге көмектесе алады:

- Жабдықтың дұрыс жұмыс істеуіне кедергі болатын сәулеленудің артуын немесе иммунитеттің нашарлауын болдырмау үшін, тек Arjo кабельдері мен қосалқы бөлшектерін пайдаланыңыз.
- Емделушіні бақылау және/немесе өмір сүру қабілеттілігін қолдау аймақтарындағы басқа құрылғылар қабылданған улы газдардың стандарттарына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

## ЕСКЕРТУ

**Сымсыз компьютер желісі деректері, мобильді телефондар, сымсыз телефондар және олардың негіз станциялары, портативті рациялар сияқты сымсыз байланыс жабдығы осы жабдыққа әсер етуі мүмкін және жабдықтан кемінде 1,5 м қашықта болуы керек.**

Мақсатты қоршаған ортасы: Кәсіби денсаулықты сақтау мекемесі

Ерекше жағдайлар: Магниттік резонансты томографияға арналған МЕ ЖҮЙЕСІНІҢ HF хирургиялық жабдығы мен РЖ қорғалған бөлмесі

## ЕСКЕРТУ

**Осы жабдық басқа жабдықтың қасында немесе бірге пайдаланылмауы керек, себебі ол қате жұмыс істеуге әкелуі мүмкін. Егер мұндай пайдалану қажет болса, осы жабдық пен басқа жабдық қалыпты түрле жұмыс істеп тұрғаны бақылануы керек.**

| **Нұсқаулық және өндірушінің декларациясы – электромагниттік сәулелендіру** | | |
|---|---|---|
| **Сәулеленуді тексеру** | **Сәйкестік** | **Нұсқаулық** |
| CISPR 11 РЖ сәулеленуі | 1-топ | Бұл жабдық РЖ қуатын тек ішкі функцияларына пайдаланады. Сондықтан оның РЖ сәулеленуі өте төмен және қасындағы электрондық жабдықтарда кедергі шақыруы екіталай. |
| CISPR 11 РЖ сәулеленуі | В класы | Бұл жабдықты тұрмыстық, сондай-ақ тұрмыстық мақсаттар үшін пайдаланатын ғимараттарды қамтамасыз ететін жалпы қолданыстағы төмен вольттық желіге тікелей жалғанған барлық ғимараттарда пайдалануға жарамды. |

| Нұсқаулық және өндірушінің декларациясы – электромагниттік тұрақтылық | | | |
|---|---|---|---|
| **Қорғаныс сынағы** | **IEC 60601-1-2 сынақ деңгейі** | **Сәйкестік деңгейі** | **Электромагниттік орта – нұсқаулық** |
| Электро-статикалық раз-ряд (ESD)<br>EN 61000-4-2 | ±2 кВ, ±4 кВ, ±8 кВ, ±15 кВ ауа<br>±8 кВ контакті | ±2 кВ, ±4 кВ, ±8 кВ, ±15 кВ ауа<br>±8 кВ контакті | Едендер ағаш, бетон немесе керамика болуы қажет. Егер еденнің бетіне синтетикалық материал жабылса, салыстырмалы ылғалдылық кемінде 30% болуы қажет. |
| Радиожиілікті өрістер тарапынан болатын кондуктивтік кедергілер<br>EN 61000-4-6 | 0,15 МГц – 80 МГц аралығында 3 В<br>0,15–80 МГц арасындағы 6 В ішкі ISM және әуесқойлық радио диапазоны 1 кГц-те 80% AM | 0,15 МГц – 80 МГц аралығында 3 В<br>0,15–80 МГц арасындағы 6 В ішкі ISM және әуесқойлық радио диапазоны 1 кГц-те 80% AM | Трансмиттердің шығыс қуатының көрсеткіші 1 Вт[a] шамасынан асатын болса, портативті және мобильді РЖ байланыс жабдығы өнімнің кез келген бөлегіне (кабельдерді қоса) 1 м-ден жақын пайдаланылмауы керека Электромагниттік жұмыс орнын карталау арқылы анықталған бекітілген РЖ трансмиттерлеріндегі өріс күші әрбір жиілік ауқымындағы сәйкестік деңгейінен кем болуы керек[b].<br>Осындай белгісі бар жабдықтардың жанында кедергілер орын алуы мүмкін: |
| Сәулеленген РЖ электромагниттік өрісі<br>EN 61000-4-3 | Кәсіби медициналық мекеме<br>3 В/м<br>80 МГц – 2,7 ГГц<br>1 кГц-те 80% AM | Кәсіби медициналық мекеме<br>3 В/м<br>80 МГц – 2,7 ГГц<br>1 кГц-те 80% AM | |
| Радиожиілікті сымсыз байланыс жабдығынан болатын жақын өрістер<br>EN 61000-4-3 | 385 МГц – 27 В/м<br>450 МГц – 28 В/м<br>710, 745, 780 МГц – 9 В/м<br>810, 870, 930 МГц – 28 В/м<br>1720, 1845, 1970, 2450 МГц – 28 В/м<br>5240, 5500, 5785 МГц – 9 В/м | 385 МГц – 27 В/м<br>450 МГц – 28 В/м<br>710, 745, 780 МГц – 9 В/м<br>810, 870, 930 МГц – 28 В/м<br>1720, 1845, 1970, 2450 МГц – 28 В/м<br>5240, 5500, 5785 МГц – 9 В/м | |
| Жылдам электр өтпелі процестері немесе жарқылдар<br>EN 61000-4-4 | ±1 кВ SIP/SOP порттары<br>100 кГц қайталау жиілігі | ±1 кВ SIP/SOP порттары<br>100 кГц қайталау жиілігі | |
| Қуат жиілігі магниттік өрісі<br>EN 61000-4-8 | 30 А/м<br>50 Гц немесе 60 Гц | 30 А/м<br>50 Гц | Қуат жиілігінің магниттік өрістері әдеттегі коммерци-ялық немесе ауруханалық ортадағы әдеттегі орынның деңгейлер сипаттамаларына сәйкес келуі керек. |

[a] Радио (ұялы/сымсыз) телефондарға және жердегі радио мобильді радиоларға арналған негіз станциялары, әуесқой радио байланыс, AM және FM радио таратылымы сияқты бекітілген трансмиттердегі өріс күшін теоретикалық дәл болжау мүмкін емес. Электромагниттік ортаны бекітілген РЖ трансмиттерлері арқылы бағалау үшін, электромагниттік орын карталауын есепке алу керек. Өнім пайдаланылатын орындағы өлшенген өріс күші жоғарыдағы қолданылатын РЖ сәйкестік деңгейінен жоғары болса, қалыпты жұмыс істейтінін тексеру үшін өнімді бақылау керек. Қалыптан тыс өнімділік байқалса, қосымша шаралар қажет болуы мүмкін.

[b] 150 кГц – 80 МГц жиілік ауқымынан жоғары, өріс күші 1 В/м-ден кем болуы керек.

# Бөлшектер мен аксессуарлар



Аяқ тіреуішінің тік
төртбұрышты блоктары (2)
8663850-09



Аяқ тіреуішінің сына
пішінді блоктары (2)
8663849-09



NEA0100-083
батареясы



Батарея ұстағышы
8350891-031



Батарея зарядтағышы
NEA8000



Зарарсыздандырғыш
Тапсырыс беру үшін, жергілікті
өкілге хабарласыңыз



Дене матрасы
Толық – AH1004031
Тек қабы – AH1004035



Бас матрасы
Толық – 8663942-014
Тек қабы – 8663943-014



Жастық
Толық – 8663947-013



*Шынтақ таянышы жастықшасы
Толық – AH1005467
Тек қабы – AH1004109



Иық белдігі, екі дана
8547118-013



Кеуде және бел белдігі, екі дана
8547119-013



Тізе белдігі
8547120-013



*Тізе белдігінің бауы
AH1033148

*Толық жұпты ауыстыру үшін
екеуіне тапсырыс беріңіз

AUSTRALIA
Arjo Australia Pty Ltd
78, Forsyth Street
O'Connor
AU-6163 Western Australia
Tel: +61 89337 4111
Free: +1 800 072 040
Fax: + 61 89337 9077

BELGIQUE / BELGIË
Arjo NV/SA
Evenbroekveld 16
BE-9420 ERPE-MERE
Tél/Tel: +32 (0) 53 60 73 80
Fax: +32 (0) 53 60 73 81
E-mail: info.belgium@arjo.be

BRASIL
Arjo Brasil Equipamentos Médicos Ltda
Rua Marina Ciufuli Zanfelice, 329 PB02 Galpão - Lapa
São Paulo – SP – Brasil
CEP: 05040-000
Phone: 55-11-3588-5088
E-mail: vendas.latam@arjo.com
E-mail: servicios.latam@arjo.com

CANADA
Arjo Canada Inc.
90 Matheson Boulevard West
Suite 300
CA-MISSISSAUGA, ON, L5R 3R3
Tel/Tél: +1 905 238 7880
Free: +1 800 665 4831 Institutional
Free: +1 800 868 0441 Home Care
Fax: +1 905 238 7881
E-mail: info.canada@arjo.com

ČESKÁ REPUBLIKA
Arjo Czech Republic s.r.o.
Na Strzi 1702/65
140 00 Praha
Czech Republic
Phone No: +420225092307
e-mail: info.cz@arjo.com

DANMARK
Arjo A/S
Vassingerødvej 52
DK-3540 LYNGE
Tel: +45 49 13 84 86
Fax: +45 49 13 84 87
E-mail:
dk_kundeservice@arjo.com

DEUTSCHLAND
Arjo GmbH
Peter-Sander-Strasse 10
DE-55252 MAINZ-KASTEL
Tel: +49 (0) 6134 186 0
Fax: +49 (0) 6134 186 160
E-mail: info-de@arjo.com

ESPAÑA
Arjo Ibérica S.L.
Parque Empresarial Rivas Futura, C/Marie Curie 5
Edificio Alfa Planta 6 oficina 6.1-.62
ES-28521 Rivas Vacia, MADRID
Tel: +34 93 583 11 20
Fax: +34 93 583 11 22
E-mail: info.es@arjo.com

FRANCE
Arjo SAS
2 Avenue Alcide de Gasperi
CS 70133
FR-59436 RONCQ CEDEX
Tél: +33 (0) 3 20 28 13 13
Fax: +33 (0) 3 20 28 13 14
E-mail: info.france@arjo.com

HONG KONG
Arjo Hong Kong Limited
Room 411-414, 4/F, Manhattan Centre,
8 Kwai Cheong Road, Kwai Chung, N.T.,
HONG KONG
Tel: +852 2960 7600
Fax: +852 2960 1711

ITALIA
Arjo Italia S.p.A.
Via Giacomo Peroni 400-402
IT-00131 ROMA
Tel: +39 (0) 6 87426211
Fax: +39 (0) 6 87426222
E-mail: Italy.promo@arjo.com

MIDDLE EAST
Arjo Middle East FZ-LLC
Office 908, 9th Floor,
HQ Building,North Tower,
Dubai Science Park,
Al Barsha South
P.O Box 11488, Dubai,
United Arab Emirates
Direct +971 487 48053
Fax +971 487 48072
Email: Info.ME@arjo.com

NEDERLAND
Arjo BV
Biezenwei 21
4004 MB TIEL
Postbus 6116
4000 HC TIEL
Tel: +31 (0) 344 64 08 00
Fax: +31 (0) 344 64 08 85
E-mail: info.nl@arjo.com

NEW ZEALAND
Arjo Ltd
34 Vestey Drive
Mount Wellington
NZ-AUCKLAND 1060
Tel: +64 (0) 9 573 5344
Free Call: 0800 000 151
Fax: +64 (0) 9 573 5384
E-mail: nz.info@Arjo.com

NORGE
Arjo Norway AS
Olaf Helsets vei 5
N-0694 OSLO
Tel: +47 22 08 00 50
Faks: +47 22 08 00 51
E-mail: no.kundeservice@arjo.com

ÖSTERREICH
Arjo GmbH
Lemböckgasse 49 / Stiege A / 4.OG
A-1230 Wien
Tel: +43 1 8 66 56
Fax: +43 1 866 56 7000

POLSKA
Arjo Polska Sp. z o.o.
ul. Ks Piotra Wawrzyniaka 2
PL-62-052 KOMORNIKI (Poznań)
Tel: +48 61 662 15 50
Fax: +48 61 662 15 90
E-mail: arjo@arjo.com

PORTUGAL
Arjo em Portugal
MAQUET Portugal, Lda.
(Distribudor Exclusivo)
Rua Poeta Bocage n.º 2 - 2G
PT-1600-233 Lisboa
Tel: +351 214 189 815
Fax: +351 214 177 413
E-mail: Portugal@arjo.com

SUISSE / SCHWEIZ
Arjo AG
Fabrikstrasse 8
Postfach
CH-4614 HÄGENDORF
Tél/Tel: +41 (0) 61 337 97 77
Fax: +41 (0) 61 311 97 42

SUOMI
Arjo Scandinavia AB
Riihitontuntie 7 C
02200 Espoo
Finland
Puh: +358 9 6824 1260
E-mail: Asiakaspalvelu.finland@arjo.com

SVERIGE
Arjo International HQ
Hans Michelsensgatan 10
SE-211 20 MALMÖ
Tel: +46 (0) 10 494 7760
Fax: +46 (0) 10 494 7761
E-mail: kundservice@arjo.com

UNITED KINGDOM
Arjo UK and Ireland
Houghton Hall Park
Houghton Regis
UK-DUNSTABLE LU5 5XF
Tel: +44 (0) 1582 745 700
Fax: +44 (0) 1582 745 745
E-mail: sales.admin@arjo.com

USA
Arjo Inc.
2349 W Lake Street Suite 250
US-Addison, IL 60101
Tel: +1 630 307 2756
Free: +1 80 0 323 1245 Institutional
Free: +1 800 868 0441 Home Care
Fax: +1 630 307 6195
E-mail: us.info@arjo.com

JAPAN
Arjo Japan K.K.
東京都港区虎ノ門三丁目7番8号　ランディック第2虎ノ門ビル9階
電話：+81 (0)3-6435-6401

Address page - REV 24: 04/2019

At Arjo, we are committed to improving the everyday lives of people affected by reduced mobility and age-related health challenges. With products and solutions that ensure ergonomic patient handling, personal hygiene, disinfection, diagnostics, and the effective prevention of pressure ulcers and venous thromboembolism, we help professionals across care environments to continually raise the standard of safe and dignified care. Everything we do, we do with people in mind.

ArjoHuntleigh AB
Hans Michelsensgatan 10
211 20 Malmö, Sweden
**www.arjo.com**